


П И О Н Е Р



Н О Я Б Р Ъ

1949 Ж Ы Л

№ 11



Қазақстан АҚЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы
Шығуына 11-жыл.

НОЯБРЬ
1949 жыл

ОКТАБРЬ ӘЛЕНІ

Жоқ едік біздер өмірде
Отыз екі жыл бұрын,
Шашқанда Отан жеріне
Ұлы Октябрь күн нұрын.

Шешілді мәңгі сол күнде
Келешек ұрпақ тағдыры,
Сол күнде келді дүниеге
Жастықтың талант, бар жыры.

Жазылып Октябрь туына
Зор бақыт келді сол күні,
Бөленген шаттық нұрына
Естіліп алда жас үні.

Ұлы Октябрь күнінде
Жарқырап елім жаңарды.
Тұңғыш көрді дүние
Жалынды жаңа адамды.

Ленин мен Сталин —
Ұсынған ырыс-несібін,
Жаңғыртып ауыл, қыстарын,
Бақыттың ашқан есігін.

Қарасак, бүгін ғаламат
Отаным гүлдеп өзгерген!
Жастарды біздей жарқын, шат
Көре алмайсын өзге елден.

Мақтанамыз сол үшін,
Шаттанып жүрек соғады.
Октябрь туын, жеңісін
Ұстаймыз берік, жоғары.

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ

Бұрын мұндайда өз артықшылығын көрсетіп қалатын Тұяқ «күдай» иіп қасарыспады.

— Жарайды, шешіпбей-ақ қойындар, мен сендерді әдейі сынайын деп айтып едім. Өзім-ақ барамын, — деді де шешініп көлге қойып кетті ол.

Тұяқ кеудесін көтере, екі қарып кере, кезек-кезек құлаш сілтеп, қалың шоқ қамысқа қарай тартып барады. Мына екеуі жағада одан көз алмай, үнсіз, дыбыссыз, телміре қарап қалған. Қарасы барған сайын кішірейе мұнартып, Тұяқ бірте-бірте алыстап кетті.

— Қайда барады-ей, бұл? — деді Сейтен әлден уақыттап кейін Бектайға тіл қатып.

— Жұмыртқа бар шығар.

— Ой, мыйсыз бадырақ көз, күздің күні жұмыртқа бола ма екен?

— Мен жұмыртқа дедім бе-ей, қызық екен! Балық демек болатынмын, — деп Бектай ақталғысы келіп еді, анау бастырмалатып:

— Айтып алып танба, бадырақ көз, — деп күле бастады.

— Мен танып тұрғаным жоқ, шынымда айтамын, — деп Бектай аузын томпайтты.

Жаңа ғана шоқ қамысқа кіріп жоқ болған Тұяқ осы кезде айдында қараң ете түсті. Ол қайықпен шықты.

— Ура, — деді мыналар жағада тұрып қуанып.

— Қане, менің киімімді әперіңдер де, өздерін дереу отырындар, — деп Тұяқ қайықты жағаға тіреді.

Ана екеуі киімді ала-сала қайыққа қонды.

— Қайдан таптың мұны, ә?

— Қыйсының келтіріп соқтым ғой.

— Қалай соқтың?

— Сол да сөз екен, — Тұяқ Сейтенге қарап, — сенің әкең төсекте жатқанда, мен тұрып кеткем, сонсоң келіп жағалаудан шешіп алып, қамыс арасына әкеліп тығып қойғам.

— Ол кісі көл сыртындағы бригадаларға қалай қатынайды? — деді Бектай.

Ол мұны пын ниетімен таңдана сұрады.

— Көлді жағалап барсын керек болса, менің онда қанша жұмысым бар.

Бектайға бір ыңғайсыздық пайда болып, абыржыды да, қайтып ләм-миім демеді.

— Әй жақсы болды. Енді қалай сайрандаймыз десек те қолымыз ұзарды, — деп қуанды Сейтен.

— Тістеріңнен шығушы болмасын. Күн сайын түнде бір мезгіл сырғытып тұрамыз.

— Біз бала дейсің бе? — деді Сейтен.

— Айтпаймыз деп серт беріңдерші!

— Айтпаймыз!

Тұяқ Бектайға әдейлеп бұрылды:

— Пионерлік сөзім дегі!

Айлы түнде, айдың бетінде сырғыған қайық бойына жел бітірген Бектай басқаның бәрін ұмытып:

— Пионерлік сөзім, — деді жанрақатқа бата күлімсіреп.

— Сен неге үндемейсің? — деп Тұяқ Сейтенге қарады.

— Мен пионер емеспін ғой.

— Сен екеуіміздің партизан екеніміз, есімнен шығып кетіпті, — деп күлді Тұяқ.

Ол екеуінен сөз алып болған соң жағдайды түсіндірді.

— Кеме капитаны екібастан менмін. Сендер жауыптер көмекшісіңдер... Кемеміздің жолы — мынау аралық болады. Анау орталықтағы ашық алаңға маңайламауымыз керек. Ол ара өте қауіпті. Көзге түсіп қалауымыз мүмкін. Ұқтыңдар ма?

— Ұқтық.

— Ұқсандар, сапарымызды бастаймыз. Дыбыс шықпасын. Суды шалпылдату болмасын. Үнсіз жылынып отырып, қамыс арасымен түстіктен шығамыз. Одан соң мекенге қайтып ораламыз. Бүгінгі жорық сонымен аяқталады. Қане, Бектай рульге отыр!

Қайық сырғып келіп қалың қамысқа тірелді. Бұл түстіктегі жағалау еді.

— Мерзімді жерге жеттік. «Кемени» кейін бұр, — деп команда берді Тұяқ.

Қайық та бұрылды, жағалаудан:

— Әй, тоқтандар! — деген дауыс та саңқ ете түсті.

— Тез, тез, — деп сыбырлады Тұяқ есбіпті дереу өз қолына алып.

— Тоқтандар деймін, мен сендерге!

— Завуч ағай! — деді Тұяқ күбірлеп.

— Жоқ ол емес, менің әкем сыяқты, — деді Сейтен.

— Жоқ, сол!

Содан кейінгі сөзді балалар естімеді, естуге мұршалары да болмады. Ай-жайға қарамастан үшеуі үш жақтап есіп, ортаға қарай тартып берді. Әлгі адам қайда қалды, не деп қалды — онда жұмыстары да болмады.

— Біз екенімізді танып қалды ма екен? — деді Бектай былай шыққан соң.

— Меңінше таныған жоқ, — деді Сейтен.

— Әй білді-ау деймін!

— Егер білсе, маскара болдық!

(Жалғасы бар)



ҮЗДІК ОҚУШЫ

Мен Қуатқали Хасеновтан оның қандай кітап оқығандығын, сабаққа қалай дайындалатынын сұрадым. Қуатқали мына төмендегі әңгімелерді айтты.

* * *

— Бұл мектепке мен 1947 жылы келіп түстім, — деді Қуатқали үлкен кісіне ойлана отырып. — Алғашқы келген кезде мен өзге балалардан гөрі орыс тілін нашар білетін едім. Бірақ, кейіннен оны да толық меңгеріп кеттім.

— Қалай?

— Оның бөтен ешбір себебі жоқ, — деді Қуатқали, — тек қана шыдамдылық пен ынтаалылық болсын.

Класса сабақты мұғалім оқытады, үйретеді. Ал, үйге келгенде, әркім өзіне өзі қожа. Сабақты жақсы оқу үшін үйде отырғанда да класта, мұғалім алдында отырғандай жауаптылық болу керек.

Үйде түсінібеген жеріңді айтып жіберетін мұғалім жоқ. Сондықтан үйге берілген тапсырманы дұрыс орындау — оқушының класта сабақты қалай тыңдауына байланысты. Оқушы басқа ешнәрсеге алаңдамай, сабақ үстінде көңілі тек мұғалімнің айтқанын тыңдауға ғана бөлсе, тапсырманы орындау әрі көңілді, әрі жеңіл болады. Өйткені мұғалім кітапта жазылмаған жаңа нәрселерді де айтып береді.

Оның үстіне мен, мұғалімнің айтуы бойынша, орысша жазылған кішкентай кітапшаларды да көп оқыдым. Алғашқы кезде мен келсе де, келмесе де балалармен орысшалап сөйлесе бердім. Менің беске оқуым — осындай қажырлылық, ынта қояшылықтың нәтижесі.

* * *

— Б. Полевойның «Нағыз адам туралы повестінің» қолыма түскені сол еді, — деді Қуатқали. — Ол кезде киносы да шыққан жоқ болатын. Қызығын оқып жөнелдім. Түнгі сағат 10-ға дейін оқыдым. Әрі қарай тағы оқығым келіп барады. Бірақ, режим бойынша сағат 10-да ұйықтауым керек. Кітапқа қанша қызықсам да, жатып ұйықтап қалдым. Ертеңінде сабақтап қайтқан соң тағы да кешегі кітапты оқығым келді. Бұл жолы да өзімді өзім ұстай білдім. Алдымен үйге берілген тапсырмаларымды орындадым. Режим бойынша дем алатын уақытым жеткенде ғана кітапты қолыма алдым.

Осыны айтты да Қуатқали менің бетіме жалт қарады.

— Мен мұны неге айттым? — деді ол жымыйып. Содан кейін өз ойып өзі түсіндірді. — Кейбір балалар күнделікті уақытын дұрыс пайдаланбаудан үлкен зыян шегеді. Күнделікті уақытты дұрыс пайдалану үшін оқушыға ұстамдылық керек. Сондықтан мен өзімді ылғый ұстамдылыққа тәрбиелеймін. Мәселен, таңертеңгі сағат 7 болысымен-ақ қашпана ұйқымы келіп, тұрғым келмесе де, орнымнан ұшып тұрып, зарядқа жасаймын. Суық

сумен сүртінемін. Содан соң ұйқы өзінен өзі тарап, дене сергіп кетеді. Тамақ ішіп болған соң үйден шығамын. Таза ауа жұтып, асықпастай мектепке келіп жетемін.

Менің ең басты әдетім — режимді дұрыс, бұлжытпай орындау, өзімді ұстамдылыққа үйрету. Ұстамдылық — ұятқа қалдырмайды. Ол берік, қайратты, нағыз адам болып өсуге көмектеседі.

Қуатқали ерекше байқампаз да екен. Өткен қыста ол оңбы қармен жүрген адамның қарға батып кететінін, ал сол адам шаңғыға мінсе қарға батпайтынын байқады.

— «Неге олай, жаяу жүрсе де, шаңғыға мінсе де, оның салмағы бір қалыпта емес пе?» деп дәптеріме жазып қойдым, — дейді ол.

Артынан Қуатқали бір киноға барғанда, үйдей танқтың батпаққа батпай зырылдап өте шыққанын көреді. Оны дәптеріне жазып қойып, соңынан өздерінің мұғалімі Атын Смағұловдан мұның себебін сұрап біледі.

Себебі не екен? — деп сұрасаң Қуатқали, байсалды, ұғынықты жауап береді:

— Ол физика заңына байланысты екен. Адамның болсын, танқтың болсын салмағы табанға түседі. Табан жалпақ болса, басу салмағы аз, ал табан жіңішке болса, салмақ көп болады екен. Адам шаңғыға мінгенде, шаңғы табаны жалпақ болғандықтан салмақ соған жайылып, адам қарға батпайды. Біз физиканы ендігі жылы, 6-класта оқыймыз. Физиканы осындай неше түрлі қызықты заңдары бар дейді. Мен солардың бәрін де білгім келеді.

Қуатқали жалғыз көргендеріне ғана ұқышты емес. Ол өзінің барлық ісіне де ұқышты. Ол күнделікті сабақтың тапсырмаларын тап түйнақтай етіп, уақытында орындап отырумен қатар, кино көру, көркем әдебиет кітаптарын оқу сыяқты істерге де ерекше ұқышпен қарайды. Жаңа киноларды көріп, жаңа кітаптарды оқып, оны өз сабағына байланыстырып та отырады.

— Былтыр, төртінші класта оқып жүргенімде «Бірінші Петр», «Пугачев» сыяқты тарихи киноларды көрдім. Ол көргендерімді мен СССР тарихын оқығанда, оның тиісті жерлерінде пайдаландым. Кино, театр көру, кітап оқу — қызықты саяхатқа ұқсайды. Олар көп нәрсе үйретеді. Ал, отличник болу үшін көп білу керек қой, — дейді ол...

— Ағай, қайттыңыз ба? — деді Қуатқали интернат ауласынан шығып бара жатқан маған.

— Я дедім мен.

— Хоп болыңыз, ағай, деді де ол тышыңтышың басып, сол үйдің кең табалдыры-рымен жоғары қарай көтеріліп бара жатты.

Ә. НҰРШАЙХОВ.

Алматы, 18-ербалалар орта мектебі,
5 «А» класы.



Достық туралы!

Ақат 6 «б» класында отряд вожатыйы. Достық туралы пионерлер жыйынын қызықты етіп өткізу оны көп ойландырды. Ол отряд советінің мүшелерімен де, класс жетекшісімен де ақылдасты. Ақыры, әр звено вожатыйына тапсырма берді. Әр звено пионерлері достық жайында не біледі, нағыз жолдастықтың, достықтың қандай үлгілерін біледі, соны отряд жыйынында айтатын болады. Үшінші звено пионерлеріне достық, жолдастық жөніндегі халық мақал-мәтелдерін жыйнау тапсырылды.

Бүгін — жыйын күні. Алтыншы «б» класында айырықша көңілді, қызу. Көршілес 5—класстың пионері Бейсенбек жолдастарына:

— Алтыншы кластарымыздың бүгін, сіре, туралы күні болар, деп те таңырқады.

Жыйынға отряд пионерлерінен басқа, класс жетекшісі Жәмила апай, дружина советінің мүшесі, 7—класс оқушысы Ермек келді.

Жәмила апай достық туралы әңгімесін былай бастады.

— Балалар, біз бір-бірімізге дос, жолдас, деген сөздерді жиі айтамыз. Бірақ, осы сөздердің ішкі, терең мағынасына ой жүгіртпейміз. Сондықтан кейде бұл сөздерді қалай болса, солай орынсыз да айтып қаламыз.

Достық деген не? Біз дос деп кімді айтамыз? Дос қандай болу керек?

Біздің әр қайсымыздың жақын жолдастарымыз бар. Солардың ішінде өте бір тату-тәтті, сырлас, сенімді жолдастарымыз болады. Бұларды біз өзімізге дос деп санаймыз. Демек, дос—жолдастықтан бір заты жоғары тұрады. Достық, дос бола білу адамның бойына біткен асыл қасиеттерінің бірі. Достық жолында, достығын ақтау үшін адам неше түрлі таңқаларлық ерлік істер істейді. Достық бойда қайрат, ойда жігер тулырады. Достық—ұлы күш. «Жалғыздың үні шықпайды, жаяудың шаңы шықпайды» дейді халық мақалы.

Біздің халқымыз жолдастықты, достықты ежелден ақ зор бағалаған. Мұны халықтың мақал-мәтелдерінен айқын көруге болады. Халық шын достықты мадақтап, жаман жолдасты, опасыз досты сықақ-күлкі еткен. «Жүз сом ақшаң болғанша, жүз жолдасың болсын». «Досы көпті, жау алмас», «Жаман жолдас—көленге». Мұндай асыл мақал-мәтелдер қазақ халқында да, орыс халқында да өте көп.

Достық күрес, тартыс үстінде туады. Шын достар бірі үшін бірі қандай қыйыншылыққа болса да төзеді, досы үшін досы оттан, судан тайынбайды.

Адам баласының азаттығы үшін күрескен Маркс пен Энгельстің достығы—достықтың тамаша үлгісі болды. Маркс қуғын-сүргінді, тапшылықты көп көрген адам. Қыйын-қыстау кезеңдерде Энгельс—пен Маркс біріне бірі зор медеу, сүйеніш болды, бірлесе отырып қыйыншылықтан шығудың жолын тапқан.

Маркс «Капитал» деген атақты кітабын көп жылдар бойы жазды. Ол бұл кітабын жазбас бұрын бір мың бес жүз кітап оқып шығады. Тек оқып қана қоймайды, оқыған кітабының керек жерлерін көшіріп жазып алып отырады. Демек Маркс бойындағы барлық күш-қуатын сол кітапты жазып шығуға жұмсайды. Бұл кезде оның үйіші тапшылықтың зардабын қатты тартады. Кейде нан сатып алатын ақшалары да болмай қалады. Балаларының мектепке киіп баратын жылы киімі де болмайды.

Осындай ауыр жағдайда Энгельс Маркске достық көмек көрсетеді. Маркстің ғылыми еңбек жазуына жағдай тұрызу үшін Энгельс амалсыздан сауда мекмесінде жұмыс істейді. Өздерің білесіздер, Энгельс те асқан оқымысты болған адам. Бірақ Маркстің жазып жатқан еңбегі—бүкіл адам баласының игілігі екенін түсініп, ол досы үшін сауда-саттық ісімен шұғылданады.

Маркс пен Энгельс нағыз дос болмаса, олар адам баласының бақыты үшін осынша жемісті еңбек етпеген болар еді, деп айтуға да болады.

Ленин Маркс пен Энгельстің достығы «көне адамдардың адам достығы туралы айтқан жан тебіренерлік аңыздарының бәрінен асып түседі» дейді.

Сондай-ақ ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталин де халық бақыты жолында бірге күресіп, бірге қызмет істеді. Сталин жолдас кеменгер Лениннің ең жақсы шәкірті, сенімді досы болды.

Патшалық Россияда халық азаттығы үшін жасырын күрес жүргізген адамдар бірін-бірі «жолдас» деп атаған. Октябрь революциясының алғашқы күндерінен-ақ «жолдас» деген сөз біздің тұрмысымызға сіңісіп кетті. Жолдастық, достық, ынтымақтық—совет адамдарының дәстүрлі қасиетіне айналды. Біздің елімізге достықтың тамаша үлгілерін кездестіреміз.

Челюскиншілерді бәрі де жақсы білесіңдер, олар туралы жазылған талай-талай әңгімені, дастандарды оқыдыңдар. Қыйын-қыстау сапарда, кеме апатқа ұшырағанда, оның үстіндегі совет адамдары абыржымады, қажымады, әрқайсысы бас сауғаламады, бәрі бір адамдай болып апаттан құтылудың жолын іздеді. Бұрын-соңды мұз мұхитында талай рет кеме апаты

болған. Бірақ адамдары тегіс аман құтылған сөз болған емес.

Ал, челюскиншілер тегіс аман қалды. Мұның себебі не?

Валерий Чкаловтың Солтүстік полюс арқылы Америкаға ұшып барған сапарын еске түсіріңдерші. Америкада бір капитанст ұлы летчиктен:

— Сіз байсыз ба? — деп сұрайды. Валерий Павлович ойланбастан:

— Асқан баймын, — дейді.

— Дәулетіңіздің мөлшері қанша?

— Жүз жетпіс миллион.

Валерий Павловичтің бұл сөзін естігенде, мырзаның көзі шарасынан шығады.

— Жүз жетпіс миллион! Бұл немене? Жүз жетпіс миллион сом ба, доллар ма? — деп сұрайды.

Сонда Чкалов салмақпен:

— Жоқ, сом да, доллар да емес, жүз жетпіс миллион адам. Олар мен үшін қызмет етеді, мен олар үшін қызмет етемін, — дейді.

Жәмила апайдың сөзін бағанадан бері зор ықылас қойып тыңдап, алдыңғы қатарда отырған Алма, Үстазынан көз аударып, қасындағы Розаға қарады. Оның көз қарасында «Анай әлгі бір пікірін ұшығына жеткізбей тастады-ау, бұл қалай» деген сұрау бар еді. Жалғыз Алма емес, отряд пионерлерінің бәрі-ақ Жәмила апай челюскиншілердің зор қауіптен қалай аман құтылғанын айтпай тұрып, Чкалов жайында неліктен сөйлеп кеткенін түсінбей қалды. Мұны біріне-бірі көз қарас арқылы білдірді.

Шәкірттерінің ойын қас-қабарынан аңғаратын Жәмила апай:

— Айтпақшы челюскиншілер жөніндегі әңгімеміз аяқталмай қалып барады екен ғой. Мен екінші әңгімеге түсіп кеттім, сондықтан бірінші әңгімемізді вожатый жолдас қорытсың. Челюскиншілердің турап елге аман-есен қайтуының себебі не, соны айтшы, Ақат, — деді.

— Өзіңіз айтып қойдыңыз ғой, мен несін қайталайын, — деді Ақат жымыя күліп.

«Е, солай екен ғой» деген таңырқаған пішіммен пионерлер біріне бірі қайтадан қарасты.

Мұғалім үзілген әңгімені қайтадан жалғастырды. — Совет елі — бір тұтас семья. Ұлы летчик айтқандай-ақ еліміздің бір адамы барлығымыз үшін, көп үшін қызмет етсе, біз барлығымыз — сол біреу үшін қызмет етеміз.

Кешегі ауыр соғыс жылдарында совет адамдарының достығы, ынтымақ бірлігі бұрынғыдан да айқынырақ көзге түсті. Орыстың ұлы қолбасшысы Суворовтың «өзің өлсең де, жолдасыңды аман сақтап қал» деген сөзін біздің жауынгерлеріміз жүрегінде берік сақтады. Бұған Александр Матросовтың ерлігі куә. Ол өзінің майдандас достарын аман сақтап қалу үшін жау дзотын өз денесімен жапты. Дұшпан қамалының алынатындығын Матросов жақсы білді. Бірақ ол жолдас-

тары үшін өзін құрбан етті. Адам үшін өмірден қымбат нәрсе жоқ. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Ал, адам өмірін отаны үшін, жолдастарын ажалдан сақтап қалу үшін құрбан етсе-бұдан асқан езгілік, бұдан асқан ұлылық болмақ емес. Достықтың асқар шыңы, деп осыны айтамыз.

Жәмила апайдың әңгімесінен кейін, екінші звеноның пионері Сәрсен сөз алды:

— Пағыз достықтың үлгісін іздегенде мен қазақтың атақты батырлары Исатай мен Махамбеттің достығына тоқталдым. Бұл екі адамның есімі есіз сияқты, әрқашанда екеуі бірге аталады. Осының өзінен де көп нәрсені аңғаруға болады. Екі батыр халық бақыты үшін күресті, сол жолда екеуі тату-тәтті дос болды. Бір ұрыста Исатайдың аты жараланады, жаудың қолына түсу қаупі туады. Сол кезде Махамбет, жаяулап, өз атын әкеп Исатайдың алдына тосады. «Досыңа астындағы ағынды түсіп бер» дейтін мәтел осындай бір жағдайда айтылған болу керек.

Бұдан кейін сөйлеген пионер Амангелді Краснодарның жас батырлары — жас гвардияшылардың достығына тоқтады. Олар біріне бірі шын жүректен берілген, сенімді жолдас болмаса, жау жайлаған қалада жүріп, жауға қарсы күрес жүргізе алмас еді. Демек екі адам ғана өзара дос болуы шарт емес, тілегі бір, мақсаты бір, бір күрес жолында жүрген бірнеше адам өзара тату-тәтті дос бола алады екен. Жас гвардияшылардың өмірінен осыны байқаймыз.

Отряд пионерлері достық жайын ұзақ сөз етті. Жыйын соңында өздерінің достары туралы әңгіме қозғады.

— Ақат мен Манаптың достығы мені қызықтырады, — деді бірінші звено вожатыйы Сәлім. — Манап біздің мектепке быйыл келді. Ол алғашқы кезде отряд өміріне араласпай оқшау жүрді. Ал, класымыздың озық оқушысы Ақатпен бірге жүріп, бірге тұрғаннан бері Манап та өзгерді, ашық-жарқын, өжет пионер болып алды. «Сен маған кіммен дос екенінді айтшы, мен сенің кім екенінді айтайын» деп бекерге айтылмаған сияқты.

«Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар» дейді халық мақалы. Мұны қалай түсінуге болады? Түсінігі келген адамға — мұны түсіну оң-оңай. Кемшілігіңді досың көрсе, жасырмайды, бетіңе айтады, ал дұшпаның кемшілігің үстіңе кемшілік жамала бергенін тәуір көреді, кемшілігіңді бүкпелейді, өтірік мақтайды. Бірақ, біздің кейбір пионерлеріміз досы сынаса, кемшілігін айтса болғаны, ертеңінде өзін онымен досын деп санамайды, жаңадан дос іздейді. Осыда достық па? Достық туралы бүгінгі әңгімеміз оларға сабақ болуы тиіс.

Балалар, достық туралы звено, отряд жыйындарында әңгіме өткізіндер. Онда өздерінің оқыған кітаптарындағы достық, жолдастық жөнінде айтылғандарды еске түсіріп, өздерінің достықтары туралы айтыңдар.

Т. ТӨГІСОВ.

С. ОМАРОВ

1949-жыл. 24 февраль. Қазақстан большевиктерінің IV съезі өтіп жатты. Бір мезетте, съезд залына, мойындарына қызыл галстук байлап, ту көтерген бір топ пионерлер келді. Оларды съезд делегаттары ду қол шапалақтап қарсы алды. Жас пионерлердің арасынан қара торы қазақ қызы сытылып шығып, съезд трибунасына шықты.

— Жолдастар, Қазақстан большевиктерінің IV съезінің делегаттарына астана пионерлерінің атынан құттықтаймын, — деп бастады сөзін ол.

Қарнадай қазақ қызының орыс тілінде мүлтіксіз сөйлеуі съезд делегаттарын қайран қалдырды.

«Бұл қарнадай қазақ қызына орыс тілін осынша жақсы үйреткен қандай мұғалім екен» деген ой әркімге-ақ келіп еді.

* * *

Алматы қаласындағы 12-санды қыз балалар мектебінің 3-класындағы оқушылар орыс тілінің емлесін үйреніп жатыр. Сабақ тақырыбы: «Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды, қатаң дыбыстар мен ұяң дыбыстарды жіктеу».

Дыбыстарды жіктеуге мысал болатын бірнеше сөздерді ең алдымен өзі түсіндіріп берді де, кең ойланып, өздерің мысал табындар деп, Елена Степановна шәкірттеріне қарады.

Бір қыз қолын шошайтып сөз сұрады.

— Айта ғой, Ескүлова.

— Біз Ленин-Сталин шығармаларын оқыймыз, — деді Ескүлова байсалды пішінмен.

Осы тамаша сөзді Ескүловаға кім үйретті дейсіз. Өз жүрегінің сырын шертіп тұр. Орыс тіліне жетіліп, Ленин-Сталин шығармаларын еркін оқысам деген, игі арман бар оның санасында.

Екінші бір қыз сөз сұрап алып, тамаша бір мысал айтты.

— Москва — Отанымыздың ұлы астанасы, — деді ол жүзі гүл жайнап.

Өз шәкірттерінің тапқырлығына риза болғандай, ажымды беті нұрланып, аналық мейірім төгіп тұр, оқытушы. Оның күмістей ақ шашында күн сәулесі ойнайды.

Алпыс жыл өмірінің тең жарымын ұстаздықпен өткізген, талай жас жеткіншектердің жүрегіне ғылым-білімнің нұрын құйған, адамгершілік ары үшін өз отанына аянбай қызмет еткен, қарт оқытушы, көңіл күйін ақжарқын пішінімен бейнелейді.

Бүгін, жұпыны қоңыр парталарда, әріптерді жіктеп, орыс әліпбиесін үйреніп отырған қыздар, енді аз жылда инженер, асқан ғалым, дәрігер тағы басқа сан алуан өнер иесі болуына кім шек келтіреді.

Үнсіз тұрған қарт оқытушы бір сәтте қайта сергіп тағы да сөйлеп кетті:

— Орыс тілін, орыс мәдениетін үйрену жөнінде, қазақтың ұлы ақыны Абай не деп еді, қайсың айтар екенсіңдер? — деп сөз тосып, тоқтай қалды. Класта бір ғажайып толқын пайда болды.

Сұңғақ бойлы қарана қыз қолын көтеріп, сөз сұрады.

— Кәне, айта ғой, Жамал.

Оқытушының рұқсат беруі мұң екен, әлгі қыз тамарын кенеп, тақпақ айтуға ыңғайланғандай, бойын тік ұстап, жайымен сөйлей бастады.

— Орыстың тілін білсең, көкірек, көзің ашылады — деген.

— Жамал дұрыс айтты ма деп, сұрады Елена Степановна шәкірттеріне қарап.

— Дұрыс айтты, — деп құптаған бірнеше дауыстар қосарлана шықты.

Тосын адамға бұл сабақ онша қызықты емес сияқты. Бірақ, қара тақтаға бормен ірі жазған осы әріптерге ой көзімен қарап, мәнісіне терең бойласаңыз, әр қайсысы тажап бір сыр шертеді.

Елена Степановнамен шүйіркелесін сөйлесе кетсеңіз, ең алдымен оқуда үздік шыққан шәкірттерін ауызға алады. Өз жайын баяндауға келгенде, сөзін тез түйіп, қысқа қайырады. Ринат Қожамқұлова, София Жанғабылова, Роза Ержұмаева, Мекеш Қарімова, Мафруза Ыбраева, Роза Пұрғалшева сияқты озат оқушыларын мақтанып етеді.

— Менің шәкіртім, Ринат, Қазақстан большевиктерінің IV съезінде сөз сөйлеп, жұртты қайран қалдырды ғой, — дейді Елена Степановна асқан бір тәтті сезіммен.

Өз баласын желге, жүнге тигізбей, мәпелеп өсіріп, қызығын көрген абзал ананың асыл сөзі бұл.

Осы қарт оқытушыдан сталиндік халықтар достығының бейнесін көрдік. Қазақ тілін мүлтіксіз үйреніп алыпты. Белгілі қазақ жазушыларының шығармаларын тегіс оқыпты. Абайдың ғақылыя сөздерін жатқа айтады.

Қазақ мектептерінде орыс тілі сабағын оқытқанына он алты жыл болған екен. Содан бері, Елена Степановна Ерольская талай түлектерді тәрбиелеп, ұядан ұшырды.

Жақында Елена Степановна бір зор қуанышты бастан кешірді. Мектептегі қазақ қыздары оған, Ленин мен Сталиннің қазақ тілінде шыққан томдарын, қазақ жазушылары Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезовтың бірнеше шығармаларын сыйға тартыпты.

Сыйлық тартқан қыздар атынан София Жанғабылова қысқаша сөз сөйлепті.

— Ардақты ұстазымыз, Елена Степановна, азынаулақ сыйлығымызды, назырқанбай қабыл алыңыз, — депті София.

Елена Степановна әрдайым шәкірттерін жыйнап алып, орыс тілі жөнінде арнаулы баяндамалар жасайды. Лев Толстой, Максим Горький, Владимир Маяковский шығармаларын шәкірттеріне оқып беру—бұл кісінің ежелгі машығы. Қыздарға осы күнгі орыс ақындарының талай өлеңдерін үйреткен.

Өткен жылы Алматы қаласындағы жас өнерпаздардың олимпиадасында, Мафруза Ыбраева, Сталин туралы бірнеше өлеңдерді орыс тілінде айтып, бірінші бөйге алып еді. Осы өнерпаз қыз, Елена Степановнаның шәкірті.

Елена Степановна орыс тілінің маңызы жөнінде шәкірттерімен әңгіме өткізіп отыр. Көпті көрген ақ шапты оқытушы, өрімдей біркелкі қыздарды көзімен бір шолып өтіп, әдеттегісінше, жайымен сөз бастады:

— Тыңдаңдар, балалар, — деді ол қоңыр дауыспен, — орыс тілі жайында бір-екі ауыз сөз айтқым келеді.

Елена Степановнаның бетіне тесіле қарап отыр, қыздар.

Оқытушы сөзін соза берді.

— Қымбатты балалар, — дегенде, дауысы толқын-дап шықты. — Орыс тілін сүйіп оқыңдар, қызырып үйреніңдер. Лениннің, Сталиннің, ұлы жазушы Максим Горькийдің тілі бұл. Ұлан байтақ отанымыздағы алуан тілде сөйлейтін барша халықтар, бір-бірімен осы тіл арқылы ұғынысады.

Оқытушысының сөзін ұйып тындап отырған қыздар үнсіз мақұлдап, бас изейді.

Бір жағдайды ескерте жеткіміз келеді: Елена Степановна орыс тілін оқытатын кластарда (2-класстан 7-класқа дейін) аудандардағы қазақ колхоздарынан келген қыздар көп. Оларға әрі орыс тілін үйрету, әрі жазу, оқу тәсілдеріне жетілдіру оңай жұмыс емес. Осы секілді аса жауапты, құрметті міндетті орындау тәжірибелі оқытушының ғана қолынан келеді.

— Жас жеткіншектерді тәрбиелеуге бар өмірімді сарп етемін, — дейді Елена Степановна.

Өз өмірін, өз білімін сүйікті отанына арнаған қарапайым совет адамының осынау сөзінде, басқаға өнеге болғандай терең мағна жатқан жоқ па?

Үкметіміз, Елена Степановнаның көп жылдық еңбегін бағалап, оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады, Республикаға еңбегі сіңген оқытушы деген құрметті атақ берді.

ЛЕНИН ТІРІ

«Ол өлмейтін тірісі тірілердің,
Бірге жүр арамызда күндей жайнап.
Біз жасаған өмірдің өзі — Ленин,
Өмірге көз жіберсең, терең бойлап.»

Кім айтады—өлді деп ұлы Ленин.
Лаваға шахтерлермен жаңа ғана
Түсіп қопарысса жердің кенін.
Колхозшымен ол кетті гүл далаға.

Нұр күйіп ғалымдардың ақылына,
Жазысты асыл ойы кітабын да.
Жоспар жасап, алдағы талай жылға
Сөйлесті әрбір ұлтпен өз тілінде.

Жасады ол бақытты өмір, алтын
шақты,
Орады ол гүл бақшаға шөл даланы.
Нұсқады ол, күн бейнелі болашақты,
Барады ол, алға тартып замананы.

Кім айтады өлді деп ұлы Ленин.
Бастаған дана Сталин бізді бүгін
Көрсетті халқымыздың келешегін
Үйретті Ленин ісін, Ленин тілін.

«Ол өлмейтін тірісі тірілердің».
Бірге жүр арамызда күндей жайнап.
Біз жасаған өмірдің өзі — Ленин
Өмірге көз жіберсең терең бойлап.»

Қ. МУҚЫШҰЛЫ



Егін қорғайтын орман алқаптарын жасауда оқушылар мен пионерлер де үлкен үлес қоса алады.

Суретте: Алматыдағы 19-мектептің пионерлері Липа Ланге (сол жақтағы) мен Света Назарова дружина советінің тапсыруы бойынша жыйнаған «шошқа жаңғағын» тазартып отыр.

Дружина дайындау пунктіне 850 килограмм «шошқа жаңғағын» тапсырды.

АКАДЕМИК В. Р. ВИЛЬЯМС

(1883 — 1939)

Жетпістен асқан қарт ғалымның қайраты мен қаблеттілігіне қайран қалған бір шетел профессоры:

— Сіз кұлшынған жас ғалымның қасиеттерінің бәрін бойыңызда сақтап қалған екенсіз, — деді.

— Білгіңіз келсе, мен үш революцияны басымнан өткіздім, тек өткеріп қойған жоқпын, оларға белсене қатысқан жанмын. Тегі менің жастығымның сыры осында болу керек.

Мұны айтқан көрнекті орыс ғалымы, академик — большевик Василий Робертович Вильямс еді.

В. Р. Вильямс 1863 жылы Москва қаласында қатнас жолы инженерінің семьясында туған. Ол жасынан зерек, алғыр болады. Қаршадай күнінен арылшып, француз, неміс және итальян тілдерін үйренеді. 16—17 жасында реалдық училищеде оқып жүріп, Вильямс жаратылыс тану ғылымдарымен, әсіресе химиямен құмарта шұғылдана бастайды. Жазғы дем алыстарында уақытының көбін түрлі өсімдіктер, минералдар, құрт-құмырысқалардың коллекцияларын жыйнап, соларды зерттеу мен өткізуші еді. Вильямстің бөлмесі кіші-кірім жаратылыс тану музейіне ұқсайтын. Ол түрлі кесертке, жылан сықылды жәндіктерді асырап олардың өмірін зерттеп, ұсақ құстар ұстап, оларды сойып, дене құрылыстарын бақылайтын.

1883 жылы Василий Робертович орта мектепті бітіріп, сол жылдың күзінде Москвадағы Петров атындағы егіншілік және тоғай академиясына түседі. Үй ішінің тұрмыс халы ауыр болғанына қарамай, жас Вильямс сабақты өзгеше беріліп жақсы оқыйды. Академияда оқып жүрген кезінде Вильямстің өте-мөте шұғылданғаны — химия мен топырақ тану ғылымы болды. Озат шәкіртті профессор А. А. Фадеев өзіне көмекші етіп алады. Оған лаборатория және егін себетін тәжірибе алаңын ұйымдастыруды тапсырады. Сонымен Вильямс 1887 жылы Петров ауылшаруашылық (кәзіргі Тимирязев атындағы) академиясын бітіреді. 1891 жылдан бастап Вильямс біржола оқытушылық қызметіне көшеді, жалпы егіншілік пәнінен лекция оқыйды. Өмірінің ақырғы күніне дейін Вильямс сол академияда қызмет істеп кетті.

Октябрь социалистік революциясында пролетариаттың жеңіп шығуын Василий Робертович шын көңілімен қарсы алып совет халқы үшін адал қызмет еткен ғалымдардың алдыңғы қатарында болды. 1923 жылы ол, ұлы Ленин — Сталин партиясына кіріп, большевик деген ардақты атты аброймен ақтал етті.



Совет заманында Вильямс топырақ құнарлылығы туралы және астық өнімінің үздіксіз жоғарылай беруі туралы өзінің тамаша ғылымын жасады. В. Р. Вильямс артына ғылыми жағынан да, тәжірибе жағынан да зор маңыздары бар мұра қалдырды. Оның көп шығармалары дүние жүзілік биология ғылымының алтын қорынан саналады. Академик В. Р. Вильямс топырақтың қалай пайда болуы жайында ғылыми терең теория жасап, соның негізінде атақты шөптанапты егіс системасы ғылым шығарды.

Академик В. Р. Вильямс жасаған шөптанапты егіс системасы ғылымы егістен үздіксіз мол өнім алуы және ауылшаруашылық өндірісін ғылыми дұрыс жолмен құруды үйретеді. Оның ғылымы озат совет агрономиясының зор мақатнышы саналады.

Социалистік жер кәсібінің озаттары академик В. Р. Вильямстің ғылымының дұрыстығын егістен мол өнім алу арқылы дәлелдеді. Олар адал жанқиярлық еңбекпен рекордтық өнімді үздіксіз жоғарылата беруге болатынын көрсетті. Ғалымның зор еңбегінің жемісін іс жүзінде көрген колхозшылар, академик В. Р. Вильямсті совет елінің аға агрономы деп атады. Академик Вильямстің ғылымына сүйеніп, кәзір еліміздің колхоздары шөптанапты ауыспалы егіске көшті.

Академик В. Р. Вильямс совет жастарының ең жақын досы және өнегелі ұстазы болды. Оқушы жастарға арналған бір мақаласында Вильямс былай дейді:


«Менің жас жолдастарым, бақытты совет студенттері! Өздерің игілігін көріп жүрген, сендерге Ұлы Сталиндік Конституция берген бақыт қатал күресте, жарқын болашақ жолындағы революцияға жан-тәңірымен қолға алынғандығын ешқашан естен шығармаңдар».

Өмірін ғылым жолына, Отан игілігіне бар ықыламен берілген көптеген күрескерлердің өмірі құрбандысымен жұмсап Ленин — Сталин ісі үшін адал қызмет еткен атақты ғалым Василий Робертовичтің бұл өсиеті — жастарға үлкен өнеге.

В. Р. Вильямс 1939 жылы 11 ноябрь күні қайтыс болды. Совет халқы отан ғылымын байытуға зор еңбек сіңірген ғалымды есте сақтап, оның ғылымын социализм игілігіне пайдалана береді.

Қ. ҚҰРМАНОВ,
Ауылшаруашылық ғылымдарының
кандидаты.

Ленин қаласы қалпына келді Ленинградтың соғыстан кейін қалпына келтірілуі



Смольный

Ленинград — елімізде Москвамен теңдес әрі мәдениет, әрі өндіріс орталығының бірі. Бұл қала 18 ғасырдың басында, орыстың атақты патшасы Петр заманында салынған. Ол 1914 жылға дейін Санкт-Петербург деп, — ал 1914 жылдан 1924 жылға дейін Петроград деп аталды. Ол Октябрь революциясына дейінгі Россияның астанасы болды. Революцияның алтын бесігі болған бұл даңқты қала совет өкметі орнағаннан кейін, кеменгер Лениннің есімімен Ленинград деп аталды.

Орыс халқының бұл сәнді қаласының тарихы да бай, оның өткендегісін сыйпаттайтын мәдени мұралары да көп. Мұнда ұлы орыс халқының дастан шежресінің куәсі болған тарихи мәні бар орындар толып жатыр. Ленинградтың қай жерінде болсын көне ескерткіштер, ондаған, жүздеген ғажайып музейлер мен көрмелер аз емес. Алтын, күміс жалатылып, гауһар, мәрмәр таспен көмкерілген зәулім сарайлар бұл қаланың талай көшесінен кездеседі. Бұрын помещиктер мен сауда буржуазиясы дәуірлеген Россия астанасы еңбек сүйгін халықтың жігерімен осыншалық әсем, сәулетті зейнеттерге толып, дүние жүзі қалаларының қалың ортасынан топ жарып көзге түсті. Бұл қалада өнеркәсіп жедел өркендеп пролетариат табының бірігуіне, шыңдалуына, оның революциялық санасының оянуына жәрдемдесті.

Алайда, революцияға дейін бұл мәдени мекемелер мен өнеркәсіп орындары бүкіл халық игілігіне берілмей, ат төбеліндей билеп-төстеуші таптың қолында келді. Олар тек Октябрь революциясынан кейін ғана совет елін мекендеген барлық халықтардың ортақ мұрасына айналып, солардың игілігі үшін қызмет етті.

Бұл қала совет еліндегі әрбір азаматтың ұғымында — жеңіс тұлғасы, революция бесігі болып бейнеленеді. Ленин қаласындағы батыр пролетариат тұңғыш рет құралды көтеріліске шығып, совет туын көтерді.

Совет өкметі орнағаннан кейін қала бұрынғыдан да жақсы, сән-салтанатпен өсе, өркендей түсті. Ол сталиндік бесжылдықтарда адам айтқысыз қарқынмен өсті. Осылайша еркін кемеліне келіп думанды орталыққа айналған екінші астананың тыныштығын титлерші зұлымдардың қарақшылық соғысы бұзды.

Совет елін жаулап алмақ болған Гитлердің қалың қолы Ленин қаласын қоршауға алып, қыспаққа салды. Бірақ қаһарман қаланың батыр халқы, ондағы берік жұмысшысы табы жаумен арыстанша алысты. Жау екі жыл бойы қаншама жаптала-са күш жұмсап, оқ жаудырғанмен қаһарман қала бас имеді. Талай үйдің, сарайдың, заводтың қабырғасы сөгілді. Талай боздақ қаза тапты. Көшмер ор болды. Сонда да от барлық күшке, отқа, апатқа төтеп берді. Алып күшті қала сұранылдың ортасында жауды жеңіп шықты.

Ол тек соғыс аяқталар алдында қоршаудан босанып, демін алды. Ұлы Отанымыздың барлық халқы Ленинград қоршаудан босанысымен қолдан келген көмектерін көрсетіп, жау салған жараны тез жазуға әрекет жасады.

Соғыс тұсында жаудың қалаға салған бүліншілігі ақшаға шаққанда 40 миллиард сомдық болған. Совет өкметі еліміздің мақтанышы — Ленин қаласын бұрынғы қалпына келтіру ісіне шұғыл кірісіп, екі-үш жылдың ішінде баяғы сәнді қалпына келтірді.

Ленинград еңбекшілері қаланы бұрынғы күйіне келтіру жолында жан аямай қызмет істей жүре, соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарды төрт жылда орындау жарысының бастамашысы болды. Соғыс тұсында қыйраған өндіріс орындары, электр станциялар, су түтіктер, пәтер үйлер, мәдени мекемелер елінің соғыстан бұрынғы күйіне келіп, емін-еркін халық мүддесін орындауға жұмылды. Сонымен кәзірде Ленинградта бұрынғы қалпына келтірілмеген бірде-бір завод пен фабрика немесе үй жоқ.

Быйыл жазда Ленинград қаласында болып, мемлекеттік Эрмитаждың директоры академик И. Орбелимен сөйлескенімізде, ол кісі былай деді:

— Ленинградтағы үлкен үйлердің бірі — біздің Мемлекеттік Эрмитаж. Мұның залдары мен бөлмелері де қатты бүліншілікке ұшырады. Эрмитажға жаудың 30 снаряды, 2 авиобомбасы түсті. Осының зардабынан Эрмитаждың 2 мыңнан астам бөлмелері бүлінді. Осының бәрі кәзір баяғы қалпына келтірілді.

Ленинградтағы Орыс музейінің үйі, Исаак соборы, театр үйлері мен зәулім сарайлар, өндіріс орындары, тұрғын үйлер тегіс бұрынғы салтанатты түріне енді.

— Ленин қаласы соғысқа дейінгі қалпына келтіріліп қана қоймай, оған көп жаңалықтар қосылды, — дейді Киров атындағы заводтың стахановшысы, Ленинград қалалық Советінің депутаты Сергей Галкин. — Был жыл қаланың 80 мың пәтер үйіне газ берілді. Бұл сайын 50 үйге газ плиткасы орнатылды. Кәзірде қаламыздың астын кеулеп, болашақ метроның мәрмәрмен көмкерілген зәулім сарайлары салынып жатыр. Сіз біздің салтанатты қаланы метромыз жүрген кезде келіп бір көріңіз. Гранит тасымен көмкерілген корбоз Нева өзенінің жағасындағы сұлу сарайлар жердің бетінде болса, енді одан да кең салтанатты сарайлар жер астында да болады. Сонда Ленин қаласының жерінің үсті де, асты да әшекейлі сарайларға толығы кетеді.


Нева көшесімен келе жатып Адмиралтейт күмбесінің күнге шағылысқан мұнарасына қарап, расында, стахановшы Галкиннің мақтанышы орынды, дейсін.

Сан миллиондаған ленинградтықтар ұлы Отан соғысында өз қаласын ерлікпен қорғап, жаудың қадамын бастырмады. Ал, бүгін бейбіт өмірдің қызықты күндерінде де ер халық қаланы бұрынғы қалпына келтіріп, жаңқырлық еңбекпен бүкіл елімізге онеге көрсетуде.

Революция бесігінде тәрбиеленіп жауынгерлік дәстүр туын жоғары ұстаған Ленин қаласы еңбекшілерінің мерейі үстем бола беруіне бүкіл еліміз тілектес.

Қ. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Ленинградта соғыстан кейін салынған 6 қатарлы пәтер-үй.



Табиғат зерттеушінің дәптерінен

Ақсарының пайдасы

Қуаңшылық ауыл шаруашылығына үлкен зыян келтіреді. Қуаңшылықтың болу-болмауын көктемде алдын-ала болжай білсек, онда бұл апатқа қарсы көктемгі егіс науқаны кезінде түрлі агротехникалық шаралар қолдануға болар еді. Қуаңшылықтың болуын метеорологиялық (ауа райы) зерттеу жолымен анықтаумен қатар, қайсы бір хауанаттардың дағды - тәжірибесінен байқауға болады. Мысалы ақсары құстың қуаңшылықты алдын-ала білдіретін қасиеті бар.

Бұл құс қуаңшылық болатын жылы Солтүстік Қазақстанда өзінің ұясын көктемде батпақты жерлердегі томарларға салады да, қуаңшылық болмайтын болса, ашық далада егін жайға, межелерге және аңызға ұя салады. Шөл тез құрап ұшып кететін қуаңшылық жазда суға жақын құйқалы жерлерде қарақоға арасында, томарда, ақсарылар ұясын жақсы көрсетпей жасырып қояды. Ал, жауын-шашынды жаз болса, ақсарылар ұясын жазық далаға салғанда да өте жасырып қояды.

Осы қуаңшылықтың болар-болмасын ақсарылар көктемде білетіні неліктен?

Мұның себебін білу тіпті оңай екен. Өйткені салқын көктемде батпақтың суы кешірек кебеді, олай болса ақсарылар батпақты жерлерде ұя сала алмайды да, ашық далаға жұмыртқалайды. Әдетте салқын көктемнен кейін жаз жауын-шашынды келеді.

Ал қар тез кеткен көктемде жаз құрғақ келеді. Ондай кезде ақсарылар ұяларын батпақтардың маңына, томарларға салады. Өйткені бұл жерлер ұя сала бастағанда толық құрғап болады.

Сөйтіп ақсарылардың ұясын қай жерге салғанына қарап, алдағы жаздың құрғақ не жауын-шашынды болатынын да білуге мүмкіншілік бар.

М. ЗВЕРЕВ.



ЕКІ БАЛАМ

Қазақ кедейлерінің балалары оқып білім алмақ түгіл, тамағын да асырап, күнін де көре алмайтын. Олар бір жағынан, патшаның отаршыл үкметінің тепкісінде болса, екінші жағынан қазақтың бай-феодалдарынан қатты қысым көрді. Осы екі жақты қанаушылыққа ұшыраған қазақ кедейлерінің халі өте ауыр болды. Осы ауыртылықтың салдарынан кедей балалары қаршадайынан байларға жалданып, солардың малын бақты, отын жағып, күлін шығарды.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай өзінің «Күз» деген өлеңінде қазақ кедейлері балаларының аянышты халін суреттей келіп:

Бай ұлына жалпы ұлы жалынышты
Ағып жүріп ойнатар көзден жасы, — дейді.
Расында кедей балалары бір үзім нан немесе бір жұтым айран үшін бай балаларына жалынышты болды, зар илеп күнелтті.

Қазақ кедейлерінің балалары міне ұзақ жылдары осылайша азап шекті. Еркін өмір сүруді, оқып білім алуды олар аңсай арман етті.

Еңбекші халықтың балалары арманына тек Ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында ғана жетті. Бұдан 32 жыл бұрын, жұмысшы мен шаруалар Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, қанау-



Суретті салған Б. Урманче.

Балалар, Б. Урманченің сол жақтағы суретінде молданың бір баланы етпетінен жатқызып қойып дүрө соғып жатқаны көрсетілген. Мұнда өзге балалар «бізге безек қапан келер екен?» деп үреймен күтіп отыр.

Міне, осы кішкене суреттің өзі бұдан 32 жыл бұрын Қазақстанда «оқыту» сыйқы қандай екенін білдіреді. Расында революцияға шейінгі қазақ балаларының тағдыры, міне, тап осындай еді.

Октябрь революциясына шейін қазақ балаларының оқып білім алуға ешқандай мүмкіндігі болмады. Ол кездегі мектеп ешбір ғылымға негізделмеген, тек балаларға түсініксіз араптың діни сөздерін жаттаумен бас қатыратын еді. Молдалар надан, қатал болатын, кішкентай тәртіп бұзған, қиын сөздерді жаттап келмеген балалар болса, оларды жазықсыз ұратын. Ол кезде баласын молдаға оқуға берген адам: «Еті сіздікі, сүйегі біздікі, молдеге» — дейтін.

Ал, кедей балаларының сол молдадан болса да оқуына толып жатқан кедергілер болатын. Кедей баласы молдадан оқый қалса, бай балаларынан гөрі таяқ оларға көбірек тиетін.

Балалар сол себепті өздеріне айуанша қарайтын сұмырай молдапың алдынан кеткенше асығатын.

Патша үкметі, жергілікті бай-феодалдар еңбекші халықты надандықта, қаранғылықта ұстауға тырысты. Өйткені, олар, егер еңбекші халықтың санасы ояңса, олар жауыз қанаушыларға қарсы күреске шығатынын әбден білді.



Ы Қ Ш А Қ

шы таптың үстемдігіп жойып, өкмет билігін өз қолына алды. Міне содан бері қазақ балалары, туысқан өзге ұлттардың балалары тәрізді, бақытты өмірге жетті.

Совет өкметі жастарды оқытуды, оларға терең-білім беруді басты міндет етіп қойды. Жер-жерде жастарға арнап мыңдаған мектептер ашты. Әр ұлттың балаларының ана тілінде оқуына толық жағдай жасады. Содан бері біздің өміріміз гүлдей жайнап, көркейе берді.

Совет балалары мектептерде, пионер үйлерінде, балалар станцияларында, түрлі ғылыми үйірмелерде тәрбиеленіп, өнер-білімге еркін-еркін кенелді. Енді совет балаларының қай ғылымды терең игергісі келсе, оның бұл жолына кедергі болар ештеңе жоқ.

Оларға ұлы қамқорлық жасал отырған совет үкметі, большевиктер партиясы, сүйікті көсеміміз және өкеміз Сталин жолдас бар. Мұны қазақ балалары жақсы біледі. Қазақстан пионерлерінің республикалық екінші съезінің делегаттары өздерінің Сталин жолдасқа жазған құттықтау хатында:

«Біздің қымбатты, сүйікті өкеміз және ұстазымыз — Сізге, бақытты өміріміз үшін, қуанышты, шаттық тұрмысымыз үшін, мойнымызға тартып жүрген қызыл галстугіміз үшін, бізді осындай зор бақытқа ие еткен Сізге, шын жүректен алғыс айтуға асығамыз. Біз жү-



Серуенде



Суреттерді түсірген П. Редько.

регіміздің терең түкпірінен алғыс айтып, Сізге туысқан өкеміз Сталин жолдас, жазіргі бақытты өміріміз және жарқын болашағымызды айтып тұл жеткізе алар емеспіз» — деп жазды.

Сондықтанда олар совет үкметін, большевиктер партиясын, оның ұлы көсемі Сталин жолдасын шексіз сүйеді. Өздерін олардың алдында әрқашанда борышты деп санайды.

Біздің жастарымыз өзінің бақытты балалық шығына қуанады. Бұл бақытты өмірді Ленин, Сталиннің басшылығымен Ұлы Октябрь социалистік революциясы әпергенін, балалар, сендер жақсы білесіңдер.

Өздеріңді мәпелеген Отан — аналарыңды сүйіп, коммунизмді құрушы болып өсіңдер. Бұл жөнінде өздерің өлең етіп айтатын омына сөзді ұмытпаңдар:

Пионерлік сөзіміз бен сертті бердік.

Отан сенімін ақтауға.

Лениндей және Сталиндей елді сүйіп,

Әркез жүректе сақтауға.

Балалар, бұл сендердің өздерің берген серттерің болатын. Жас пионерлердің өз аңтын аброймен орындауына, біз толық сенеміз. Өйткені, пионерлер — большевиктік партияның ұлдары. Олардың сөзі ісіне әрқашанда сай.

Ә. ХАЙДАРОВ,

Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім.



БІЗДІҢ

НОМНА

Математика сабағының оқытушысы

Математика сабағының оқытушысы Юлия Александровна партада отырған қыздарды көзімен бір шолып өтіп:

— Нина Архипенко, тақтаға шық, — деді.

Нина орнынан тұрды. Сабақты пысықтамай келген күні оқытушының осындай сұрай қоятыны бар емес пе? Нина амалсыз, парталардың аралығынан өтіп, тақта жанына барып тоқтады.

— Дәреже дегеніміз не?

Нинада үн жоқ. «Өтірік айтқаннан, үндемей қалған көп жақсы» — деп ойлады ол.

— Мұның қалай, ережені оқымап па едің? — деп сұрады оқытушы.

— Мен оқып түсіне алмадым, — деді Нина төмен қарап.

— Кәне, кім біледі?

Бірнеше қол жоғары көтерілді.

— Кәне, Валя, сен айтшы.

Валя іркілмей, тынақты жауап берді.

Нина өз орнына келіп отырды. Журналға екілік баға қойылды. Өз көзін құрбыларының көзіне түсірмеуге тырысты ол.

Қоңырау қағылды. Оқытушы да, оқушылар да кластан шығып кетті. Ал Нина өз орнында қалып қойды. Звено вожатыйы Валя Москвина қасына келді де, онымен қатар орындыққа отырды.

— Қалайша екілік алып қалдың, Нина?

— Мен түсіне алмадым...

— Біреумізден сұрап алсаң, болмайтын ба еді?..

— Бүгін менен сұрамас деген едім...

— Сенің екілігің бүкіл отрядтың абройына кір келтіре-

тінін сен ойламадың ба? — деді маңадан бері сөйлемей тұрған Рита Чекаева — отряд советінің председателі.

— Мен... мен екілігімді жоқмын ғой...

— Саған жәрдемдесу керек болар?

— Жоқ. Менің өзім де үйрене аламын, — деді де Нина кластан жүгіріп шығып кетті.

...Рита Чекаева Валя Москвинамен ұзақ сырласты.

— Ертең оқу үлгеруі жөнінде жыйын өткізіледі. Бұл мәселеге мұқият қарау керек сыяқты, — деді Валя.

Бірінші звеноның жыйынында Нина Архипенко талай ауыр сөздер естіді. Оған: «Отрядтың абройына көңіл бөлмейсін» — деп құрбылары орынды таллап қойып, жанына батыра айтты. Бірақ Нина оған өкшелеген жоқ. Өйткені дұрыс тілек орында талап көпшіліктің мүддесінен айтылған еді. Осы қызу өткен жыйыннан кейін отряд жыйынына талқылауға түспей-ақ Нина алгебрадан алған екілік бағасын жоюға бекінді. Ол үйде сабақтарын қайта-қайта зейін қоя пысықтады. Юлия Александровнадан түсіпбеген ережелерін сұрап та алды. Оқытушы үлкен ықыласпен Нинаға тағы да айтты шықты.

Күндерде бір күн, әдеттегісінше, Юлия Александровна кластағы қыздарды бір шолып өтті де:



— Нина Архипенко, тақтаға шық, — деді.

Нина жедел басып тақта жанына келді. Ол осы минутты көптен күткен еді. Біле тұра аздап жүрексінеді. Қойылған сұраққа жауап бере алам ба, жоқ, па?!

— Коэффициент дегеніміз не?

Нина не дер екен дегендей қыздар тына қалды. Мұны білемін ғой, деп ойлады ішінен.

Нина іркілмей-ақ жауап берді. Кластас жолдастарының жайдары жүзіне қарап, сабақты жақсы үлгеруі бір ғана өзінің ісі емес екенін, бүкіл кластың үлгеруі әрбір жеке бағаға байланысты екенін қазір ерекше ұғынғандай болды. Дәл осы минутта өзі жөнінде қам жеген жолдастарының көмегі қолтығынан демегендей болып көрінді.

— Сен мұны біледі екенсің, — деді де Юлия Александровна басқа сұрақтар бере бастады. Бәріне жауап беріп келген Нина тақтада тұрып бірнеше еселтер шығарды. Мұның бәрі дұрыс болды. Нина мұғалімнің рұхсатымен орнына келіп отырды.

— Саған әзірше төрт қоюмын, бестік бағаны алған болар едің, бірақ әзірше жауабың да аздаған солқылдақтық бар. Сабақты көп қарасаң, бестік бағаға да ие боласың.

...Отряд абройы дегеніміз өте үлкен ұғым. Пионер қоғам жұмысына қалай қатысады, сабақты қалай үлгіреді, өзін үйде түзде қалай ұстайды — осының бәрі бүкіл отряд абройына ықпалын тигізеді. Сендер де бұл мәселе жөнінде журнал бетінде айтсаңдар қандай жақсы болар еді!

А. БЕЛЯНИНОВ.
Алматы, 4-мектеп.

Жуырда Қызылорда субөгеті құрылысы жанындағы жетіжылдық мектептің 5-отрядының жыйыны болып өтті. Жыйынға отряд пионерлері тегіс жыйналды. Сонымен бірге жыйынға құрметті қонақтар да қатысты. Олардың ішінде Еңбекшілер депутаттарының Қызылорда облыстық советінің депутаты, атақты стахановшы Әбділде Сапарбаев жолдас та болды.

Отряд пионерлері құрметті қонақтардың келуін зор қуанышпен қарсы алды. Отряд советінің председатели құрметті қонақтарды құттықтап сөз сөйледі.

Қонақтар да қарап отырған жоқ. Олар да өздерінің өмірлері туралы қызықты әңгімелер айтты берді.

— Менің балалық шағым сендердікіндей бақытты өмірде өткен жоқ, — деді Әбділде ағай сөзінде. — Байдың есігінде, мал бағын, от жағын, құл шығарумен өтті. Оны өздерің кітаптан да оқып, үлкендердің аузынан талай естіген шығарсындар. Ал, сендердің балалық шақтарың мүлдем басқа. Сендер сталиндік алтын заманда өмір сүріп отырсындар. Сендердің оқу оқып, білім алуларыңа, ойнап, дем алч-



ларыңа барлық жағдай жасалған. Әбділде ағай сөзінің соңында мектеп оқушылары мен пионерлерге оқуды жақсы оқып, саналы тәртіпті берік сақтауға шақырды.

Пионерлер ағаның ақылын зор ынтымен қарсы алды. Олар: — Ленин-Сталин ісі үшін күреске әрқашанда дайынбыз! — деп жауап берді.

Жыйынның соңында пионерлер қонақтарға ойын қойып берді.

Қонақтар пионерлердің көрсеткен құрметіне өте риза болды.

Қуаныш БӨЛЕКБАЕВ,
Баянбай СЫЗДЫҚОВ,

Қызылорда қаласы, субөгеті құрылысы жанындағы жетіжылдық мектеп.

Быйыл бізде география пәні жүреді. Бұл пән өте қызықты және пайдалы пән екен. Мен кезір жер шарының картасымен табыстым. Дүние жүзіндегі ең үлкен таулар мен ойпаттарды, өзендер мен көлдерді көрдім. Мен олардың әрқайсысының картада қандай бояулармен боялғанын жақсы білемін.

География кітабын оқып, сабақ пысықтағанда картаны қоса қарап, кітапта аталатын жерлерді тауып отыру керек екен. Сонда ғана тақырыптың мазмұны есте көпке дейін қалады.

Дүниедегі ең үлкен ел — біздің Совет Одағы екенін, ол дүние жүзінің алтыдан бір бөлігін алып жатқанын география сабағынан білдік.

— Отанды сүйе білу үшін, оның табиғатын, байлығын жете білу керек, — дейді бізге оқытушыларымыз. Біз сондықтан да географияны жақсы және өте жақсы оқуға тырысамыз.

Е. ЕРІККЕНОВ,
Оңтүстік Қазақстан облысы,

Мен кәзір 5 класта оқыймын. Біз жаңа пәнді — ботаниканы оқуға быйыл ғана кірістік. Ботаника пәнін біздің класта Жолдыбаева апай жүргізеді. Өткен оқу жылында біздер оқыған «өлі табиғаттан» ботаника пәні әлде қайда қызық екен.

Бірінші тоқсанда өсімдіктердің сыртқы және ішкі құрылыстарын, түрлі пайдалы шөптер мен арам шөптерді, өсімдіктерге зиянды жәндіктерді оқыдық. Бидайдың лабия деген тұқымын тексердік.

Ұлы табиғат зерттеуші И. В. Мичуриннің өсімдіктердің 300 дей жаңа сортын шығарғанын білдік. Ол оңтүстікте өсетін өсімдіктерді солтүстікте де жақсы өсіре білген. Кәзірде Мичуриннің ұлы шәкірті Т. Д. Лысенко оның ісін алға бастыруда.

Бұл екі айда алған біліміміз бізді ботаника сабағына қызықтыра түсті. Сол себепті оқушы-

лар ботаника сабағын жақсы үйгіріп келеді.

Рахима СЕЙТМАНОВА,
Оңтүстік қазақстан облысы,
Ильич қазақ орта мектебі.



Қаскелең балалар үйі тәрбиеленушілері быйыл 5000 түп жеміс ағашын отырғызды.

Суретте: Балалар «Бау аптасы» кезінде ағаштарды күтіп жүр.

БІЗДІҢ ПИОНЕРЛІК ТАРТУЫМЫЗ

Отлично оқу — ең басты тарту

Ұлы Октябрь мерекесі — еліміздің дәстүрлі тойына айналды. Жыл сайын еліміздің еңбекшілері бұл күнді елеулі табыстармен қарсы алады. Жұмысшылар өндірістік жылдық нормасын 7-ноябрьде орындаса, колхозшылар мемлекетке астық тапсырудың жылдық жоспарын 7-ноябрьге жеткізбей бітіреді. Қызметкерлер де бұл ұлы тойға татымды тартулар әзірлейді.

Ата-аналарымыздың бұл тамаша дәстүрі бізге де үлгі. Бізде Ұлы Октябрь мерекесін лайықты табыстармен қарсы алуды ойладық. Ал, сонда біз, бұл ұлы мерекені қандай табыстармен қарсы аламыз?

Бір күні дружина пионерлері сабақ соңынан пионер бөлмесіне жыйналды. Дружина үстіміздегі оқу жылындағы өзінің тұңғыш жыйынын өткізді. Жыйын «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 32 жылдық мерекесін немен қарсы аламыз?» деген тақырыпқа арналды. Жыйында дружина пионерлері ұлы мерекені қандай тартулармен



Суретте: Қаскелең балалар үйі тәрбиеленушілері өздерінің көмекші шаруашылығында картоп тасып жүр.

ПӘН ҮЙІРМЕСІ

28-орта мектептің биология үйірмесі

Сондай үйірмелердің бірі — биология үйірмесі. Бұл үйірмеде 23 оқушы бар. Үйірмені биология пәнінің оқытушысы Павел Степанович Ладода басқарады.

Үйірме өз жұмысын күні бұрын бекітілген жоспар бойынша жүргізеді. Жұмыс екі салаға бөлінген, оның бірі — теориялық мәселелер де, екіншісі — тәжірибе істері.

Өткен оқу жылында биология ғылымы жөнінде үйірмеде «Ми-чуриннің өмірі мен ісі», «Лысенконың еңбектері», «Ленин атындағы бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымы академиясының 1948 жылғы сессиясының қортындысы», «Ауыл

қарсы алатындығы туралы айты. Бірінші болып Болат Жолдасбаев сөйледі. Ол:

— Сабақты өте жақсы оқу бұл да үлкен табыс. Мен октябрінің 32 жылдық мерекесін бестік бағалармен қарсы аламын, — деді.

Мұнан кейін Жанат Арқатбаева сөйледі. Ол өзінің сөзінде:

— Мен пионер Болат Жолдасбаевтың ұсынысын қолдаймын. Және өзім сабақты отлучно оқумен қатар, басқа балаларға да өзімнің жолдастық көмегімді көрсетемін. Дружинаның барлық пионерлерін сабақты өте жақсы оқуға шақырамын, — деді.

Дружина пионерлері бұл орынды ұсыныстарды бірауыздан қабылдады. Олар Ұлы Октябрь революциясының 32 жылдық мерекесін кілең бестік бағалармен қарсы алатын болды.

Аға пионер вожатый Ш. МАТКАРИМОВА,
Шар ауданы, 60-мектеп.

Оқушылар программа белгілеген сабақтарды өту арқылы негізгі білімді класта алады. Алайда, совет мектебінің 32 жылдық тәжірибесі оқушылардың білімін толықтыруда түрлі үйірмелердің үлкен құрал болып табылатындығын дәлелдейді. Сондықтан орта мектептерде түрлі пәндердің үйірмелері ұйымдастырылады, олар игілікті жұмыстар жүргізеді.

Алматыдағы 28-ербалалар мектебінде география, әдебиет, математика, биология сыяқты пәндердің жеке үйірмелері жұмыс істейді. Бұл үйірмелерге пионерлер мен оқушылар өз қалауы бойынша қатысады.

шаруашылығы озаттарының табыстары» деген баяндамалар оқылды. Үйірмешілер бұл баяндамалардан көптеген жаңа мағлұматтар алды.

Үйірме мүшелері бұдан басқа, өсімдік дүниесінің дамуы, оларды күтіп-бағу жөнінде алуан-алуан тәжірибелер жүргізеді. 28-мектептің қарамағында осы үшін бөлінген 300 шаршы метр тәжірибе учаскесі және 0,75 гектар алма бағы бар. Үйірмешілер осы жерлерде тәжірибе жүргізіп, биология пәнінен алған білімдерін баянды етеді. Үйірме төрт звеноға: мичуриншілер звеносына, мол өнімшілер

ВОЖАТЫЙДЫҢ ӘНГІМЕСІ

звеносына, жүйе звеносына, овощь звеносына бөлінген.

Быйылғы жылы оқушылар қызық тәжірибе жасады. Олар мектеп жанындағы учаскеде яровизация әдісін қолданып, жаздық бидайды күздік бидайға айналдырды. Бұл тәжірибе атақты академик Лысенконың яровизация әдісі жөнінде оқушылардың нақты ұғым алуына көмектесті. Бұл әдісті жақсы ұғынып, нәтижелі тәжірибе жасаған Олег Скоблев пен Володя Яковлев (7-класс оқушылары) зекілі пионерлер үйірмешілерге үлгі көрсетіп келеді.

Үйірме жұмысы оқуды үлгеру ісін жақсартуға себепші болуда. Мысалы: ботаника сабағында «Өсімдік түбірі» және «Крахмал қалай пайда болады» деген тақырыптарды жете ұғына алмаған Кунаков биология үйірмесінде өсімдікті отырғызу, суару, жер өңдеу, өсімдікті күтіп-бағу сыяқты тәжірибе жұмыстарын жүргізу арқылы ботаникадан жақсы үлгеретін болды.

Кәзір үйірмешілер кластарда тұрған традисканция, гартензия, алой деп аталатын бөлме өсімдіктерін күтеді. Мектепте суға минеральды заттар қосу арқылы шөлмектерде түрлі гүлдер өсіреді. Олар жетекшінің тапсырмасы бойынша үйлерінде құмыраларда өсімдік өсіреді. Үйірмешілер осы өсімдіктердің өсіп-өнуіне байланысты тақырыптарды өткенде, оларды сабаққа ала келеді, жолдастарының алдында тәжірибелерін айтады.

Биология үйірмесі сабақты жақсы үлгеруге осылай көмектеседі.

М. МАРАЛДИН.

Мен алдымен пионерлерді сабақты үлгеруге ынталандыру міндетін қолға алдым. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімдермен, балалардың ата-аналарымен ерінбей, көп әңгімелестім. Оқушыларды түрлі үйірме немесе көпшілік-қоғам жұмысымен шұғылдандырудан бұрын, мектептің ішкі тәртібіне берік дағдыландыру, сабаққа жақсы, өте жақсы үлгеру міндетіне бағындыруды қолға алдым. Олармен ерінбей үздіксіз жұмыс істеудің арқасында істен нәтиже шығардық.

Осыдан кейін, екінші міндеттің пионерлерді қоғам жұмысын баулу ісін қолға алуды ұйғардым. Тәртіптілікке, еңбек сүйгіштікке дағдыланып алған отряд пионерлері әрбір жүргізген шаралары ынтамен қатысатын болды. Сабаққа да, үйірме, қоғам жұмыстарына да, ойын-сауыққа да уақытты дұрыс пайдалану тәртібін қолданды.

Отряд пионерлері вожатыйға өздерінің көңіліндегі қуаныш немесе реніш ойын білдіріп отырады. Олардың басынан кешкен оқығанда отрядқа белгілі, кейбір көңіл аударарлық жағдай, оқығанда талқыланатын та отырылады.

Пионерлер қандай кітап оқығанын немесе қандай кино көргенін әңгімелеп, одан алған

әсерінің дұрыс-бұрыстығын өз достарына сынап отыру әдісін де қолдандық. Өткен оқу жылында пионер жыйынында «Зоя Космодемьянская», «Лиза Чайкина», «Жас гвардия кейіпкерлері» деген тақырыптарда пікір алысу әңгімелерін өткіздік. Мұндай жыйындардың көп пайдасы болды.

Пионер жұмысы оқумен ұштастырыла ойдағыдай жүргізілгендіктен былтыр отряд пионерлері тегісінен жақсы, өте жақсы бағамен ілгергі класқа өтті.

Үстеміздегі оқу жылында да отряд вожатыйы болып сайландым. Кәзір бесінші класс оқушыларымен жұмыс жүргіземін. Осы жылғы жүргізетін пионер жұмысына оқу жылы басталысымен жоспар жасап алғанмын. Өткен жылғы кейбір кемшілікті ескеріп, жазғы каникул кезінде лагерьдегі пионер жұмысынан алған тәжірибемді енгізіп жасаған жұмыс жоспарын отряд мақұлдады.

Сегізінші отрядтың вожатыйы Галя Черкасова бұл әңгімесін маған айтқаннан кейін, оны отряд вожатыйларының мәжлісінде талқыладық. Бұл бізге көп пайда берді.

Аға пионер вожатый
К. ПЕТРОВА,
Семей қаласы, 10-мектеп.



Суретте: Астанадағы 14-мектептің 5-класс оқушылары ботаника сабағында. Бұл класты көрнекі құралдармен балалардың өздері жабдықтаған.

Бала Алпамыс

А. ҚҰЛБЕКОВ.



рте заманда Алпамыс дейтін жетім бала болыпты. Алпамыс алты жасында алысқан кісісін алып соқпай қоймайтын болыпты. Ол өзі әрі сұлу, әрі күшті және әрі ақылды болады. Жас кезінен тауга ерлеп, тасқа шығуды әдет етеді. Әңгіме жырға әуес боп, ұйып тыңдайтын болады.

Бір күні балалармен ауыл сыртында асық ойнап қайтып келе жатса, ауылдың шетінде сөйлесіп отырған адамдарды көреді, ақырын солардың қасына келіп, әңгімесін тыңдайды. Олардың айтып отырғаны алтыбасты аждаһа мен жетібасты жалмауыз кемпір туралы екен. Жетібасты жалмауыз ай астындағы Айдарлы ханның Айбарша дейтін ай десе-ауызы, күн десе-көзі бар жалғыз қызына жерік болыпты. Жетібасты жалмауыз соған өзінің күйеуі алты басты аждаһаны жіберген екен, ол соны арбал жатыр дейді, қырық күннен кейін Айбарша аждаһаның ауызына келіп түседі екен, ол оны жетібасты жалмауызға өкпен береді екен. Осыны естіп бүкіл ел қайғылы екен, дейді олар. Бұл сөзді естігеннен кейін Алпамыс: «Айбарша қызды аман сақтап қалу үшін алты басты аждаһа жетібасты жалмауыз кемпірмен бір алыссам, арманым болмас еді», деген ойға кетеді. Жетібасты жалмауыз, алты басты аждаһаның мекені қайда екен? — деп сұрап еді еш кім оны білмеді. Айдарлы хан ай астында тұрады, дегеннен басқа анық жауап бермейді.

Бір күні ауыл көшіп, бір биік төбенің түбіне келіп қонады. Күн төбеге таянғанда, Алпамыс қозысын сұдың басына піріп тастап, өзі жүгіріп төбенің басына шығып, жан-жағына қарап тұр еді, бір кезде көз ұшында будақтап шыққан түтінді көрді. Өрт дейін десе, өртке де ұқсата алмайды, жерошақтан шыққан ауылдың түтіні ғой дейін десе, оған да ұқсамайды. Себебі түтін жер астынан жарып шығып жатқан сықылды. «Апырау бұл не нәрсе екен?» деп көп уақыт таңырқап қарап тұрды. Бір кезде түтін будақтаранын қойып, жіп-жіңішке талшыбықтай созылып, аспанға шапшиды, тіп-тік болып созылып көкке барып тірелгендей болады. Түтін біресе иреңлеп біресе кәлбеш, құбыла береді. Кейде түтін бұрыңғы жерінен бері таман жақындаған тәрізденеді. Алпамыс қайтып келді де, байдың баларына:

ЕРТЕГІ

Суреттерін салған Бақи УРМАНЧЕ

— Мен кетем, қозыңа не бол, — деді. «Қайта кетесін» деп сұрап еді, жауап бермеді. Төмен қарап ойлап тұрды да, жүгіріп ала жөнелді. Алпамыс құлдықтан түскен кезде, күн төбеден жаңа ауыл бара жатыр еді.

Жан-жағына бұрылып қарамастан түтін шыққан жаққа қарай жүріп келеді. Қанша жүрсе де, қаншама жүгірсе де, түтінге жете алатын емес, түтін я алыстамайды, не жақындамайды, сол көрінген жерінде көрініп, тұрады да қояды. Күн батып, ымырт үйірлді, жеш болып тастай қараңғы түсті, түтін көзден ғайып болды, бала не ілгері, не кейін жүрерін білмей аңырып қалды. Өйткені күнбатыстың қай жақта екенін де, күншығыстың қай жақта екенін де білмеді. Көп жүріп шаршап, таңдайы кепкен бала дем алып тынығайып деп қыйсайып еді, бірақ ұйқысы келмеді. Құлақ салып тыңдап еді, ешқандай дыбыс та естілмеді. Уақытты оздырмау үшін, орнынан тұрып ілгері қарай тағы жүрді. Сол уақыт жүргеннен кейін бір биік жердің үстіне келіп шықты. Жар өте биік, түбінде ағарып су көрінеді. Су ішейін деп төмен түсе бергенде, су жағасында отырған шалды көрді, шалдың қасына келіп амандасып сәлем берді.

— Жанан дала, жеті қараңғыда жалғыз жүріп қайда барасың, балам, жөніңді айт, — деді әлгі шал.

— Ай астындағы Айдарлы ханның Айбарша атты қызын жетібасты аждаһа жемек бопты. Соны іздеп шығып, Айбаршаны аман алып қалу үшін аждаһамен алысқалы келем, — деді.

— Талабың түзу жан екенсің, балам! Астында атың, үстінде тоның қолыңда құралың жоқ екен. Басқа өнерің болмаса, құр талабыңмен жете алмайсың, — деді шал.

— Қуатым бойымда, күшім қолымда, — деді бала.

— Жоқ, — деді, — ол да жеткіліксіз. Өйткені Айдарлы ханның қызын алты басты аждаһа қырық күннен кейін жұтқалы тұрғанда, алты айлық жерге қалай жетуші едің?

Бұл сөзді естіген Алпамыс қатты сасып, абыржып шалдан қалай жетудің жолын сұрады.

Шал көп ойланып отырды да, балаға мынадай деп жөн айтып, жол сілтеді:

— Ол ханның өлі осы арадан алты айлық жол, айдың астына қарап жүре берсең, табасың. Оның үшін байдың көп жылқысының ішіне бар да құрығыңды



құлдырат, жүгенінді шылдырат, тек бетіне қараған бір жылқыны мін де, тарта бер. — деді.

— Рахмет, ата, — деп бала қоштаса бергенде, шал оны тоқтатып:

— Балам, сапарың оң, қадамың қайырлы болсын! Айбаршаны аман алып қалуыңа бәріміз де тілеулес болып тұрамыз. Кезенсең кере құлаш, сілтесең сала құлаш созылатын құрал еді, кезінде керегіңе жаратарсың, — деп шал балаға кездігін берді. Бала кездікті алып, қуанышпен еліне қайта жүріп кетті.

Байдың көп жылқысының ішіне келіп, құрығын құлдыратып, жүгенін шылдыратып еді, бетіне бір қотыр ала тай қарады. «Не де болса осыны мінейін», деп, әлгі тайдың мойнына құрық салды. Құрық салғанда, ала тай—құнан, жүгендегенде — дөнен, арқасына торлік салғанда бесті, тоқым салғанда — алты жасар, ер салғанда — жеті жасар, айыл тартқаны — сегіз жасар ат болды, ал ердің үстіне көпшік салып мініп алған кезде — торғыз жасар тұлпар болып ойнақтап шыға келді.

— Шүү, жануар! — деді де тартыл кетті.

Ауыздықпен алысып, ұшқан құспен жарысып, жұлдыздай ағып, желдей есіп жүре берді. Нөбір асқар таулардан, нөбір асу белдерден өтеді, қыя тасты қақ жарып қос құлағын қайшылап, омыраудан

тері тамшылап, тұлпар арқырап келеді. Қайрақтай тастарды көмірдей жаншыды, тұяғы тасқа тигенде, от жарқылдап аспанға ұшады.

Бірнеше күн өткеннен кейін жапан далادا жалғыз жүрген бір адамға кездеседі. Әлгі адам екі аяғына үлкендігі қара қазандай екі тас байлаған, өзі қоян қуып жүр, қашқан қоянды құтқармайды, қуып жетіп біреуін құйрығынан, біреуін сыйрағынан ұстайды. Алпамыс әлгінің қасына келіп:

— Есіміңіз кім? — деп сұрады.

— Халық мені Желаяқ деп айтады, бар өнерім — бүгін Сырда болсам, ертең қырда болам, — деп жауап берді.

— Аяғыңызға тас байлауыңыздың себебі не?

— Тас байласам, аңға жетем, байламасам, жеткеніммен асып кетем. Екі таспен тұлкіге жетем, бір таспен қоянға жетем, тас байлауымның себебі осы.

Алпамыс оған өзін таныстырып, жұмысының жөнін айтты да:

— Жолдас боламысың? — деп еді.

— Жақсы, болайын — деді Желаяқ.

Екеуі жүріп кетті.



Жүріп келе жатса, айдалада бір адам тұр. Қарсына келіп еді, адам дегені — арыстан болды, арыстан дегені — жолбарыс болды, жолбарыс дегені — лезде қоян болды, ал қоян дегені — бір жас жігіт болып түрө келді.

— О неқылғап адамсыз құбылып жүрген? — деді Алпамыс.

— Халық мені көзбайлаушы деп атайды. — деді әлгі адам. Алпамыс өзін таңыстырып, жөнін айтты да:

— Жолдас боламысың — деп еді.

— Болсам, болайын, — деді.

Үшеуі жүріп кетті.

Үшеуі жүріп келе жатса, алдарындағы жаркабақтың басында аспанға қарап біреу отыр. Қолында садағы бар, садағының оғы үш қырлы. Алпамыс жаньна келіп:

— Кімсің? — деп сұрады.

— Халық мені Сұрмерген деп атайды. Кеше осы уақытта бір аққу атып едім, түсе ме деп соны күтіп отырмын, кішкене кідірсеңіздер, көп кешікпей түсер, — деді әлгі адам.

— Кеше атқан аққу бүгін қалайша түседі? — деп сұрады олар.

— Меңің оғым тиген нәрсесін көкке қарай алып жоғалады және келесі күні барып түседі, оғымның әдеті осындай, — деді мерген.

Сол уақыт өткеннен кейін ол:

— Ал енді көкке қараңдар, түсетін уақыты жетті, — деді. Бәрі жыйналып аспанға қарап еді, салақтап түсіп келе жатқан аққуды көрді. Аққу топ етіп, жерге түсті. Аққуды жалма-жан сойып, үстіне қоянның етін қосып үлкен қара шәйнекке асып, Алпамысқа қонақ асы берді. Біраз жатып дем алғаннан кейін, Сұрмергенді жолдас қып ертіп, төртеуі бас қосып жүріп кетті. Бұлар бір қырдан асып, екінші қырға шыға бергенде, алдарында жарқырап жатқан екі көлді көрді. Екі көлдің арасында тұп-тура созылып жатқан дөңест тұр, сол дөңестің үстінде бір дәу адам бір көлдің суып ұрттап алып, екінші көлге қотарады. Бұлар қасына келіп сәлем берді. Жөн сұрасып болғаннан кейін:

— Есіміңіз кім болады, батыр? — деді Алпамыс.

— Мені халық Көлұрттар деп атайды, — деді әлгі адам.

— Бізге жолдас болуды қалай көресіз?

— Болсам, болайын.

— Ал, жүріңіз ендеше.

Бесеуі бас қосып жүріп кетті.

Бір таңғажайып — алда үш тау орнынан қозғалып, қыймылдап тұр. Біресе жоғары көтеріледі, біресе төмен түседі. Бұл несі, бұл жақтың тауы әлде көпші жүре ме екен? Байқаусызда астында қалмасоқ болар еді? — деседі. Жақындап келіп қараса, тау дегені адам болып шығады. Әлгі адам екі қолымен екі тауды көтеріп салмағын байқап отырған тәрізденеді. Бұлар келіп сәлем береді. Амандасып болғаннан кейін:

— О, батыр, не істеп отырсыз? — дейді.

— Шырақтарым, екі қолымда отырған екі балам, қайсысы күшті болса, сонысына ешкіні көбірек бөрейін деп сынап отыр едім, — дейді.

— Есіміңіз кім болады? — дегенде:

— Халық мені Таусоғар деп атайды, — деді.

— Біздер осындай талаппен бара жатқан адамдармыз, бізге жолдас болуды қалай көресіз? — дегенде:

— Жақсы, шырақтарым, болсам, болайын, — деп ризалық білдіреді.

Алтауы жолдас болып жүріп кетті. Сол күні түнімен жүріп, ертегіне күнімен жүріп бір айдын шалқар көлге келеді. Көлдің маңында ұшып жүрген құстан басқа, қыбырлаған ешқандай жан көрінбейді. Келіп тоқтаған соң Алпамыс жолдастарына:

— Өне, бір көғалдау жерге барып түсейік, — дейді. Әлгі жерге түсейін деп келсе, екпеттеп жер тыңдап жатқан бір адамды көрді. Әлгі адам жерді біресе оң құлағымен, біресе сол құлағымен тыңдайды, сүйтсіді де өксіп жылайды.

— Ей, неғып жатқан адамсың? — дейді Таусоғар қасына барып.

— Кішкене сабыр етіңіз, — дейді де жатып тыңдай береді. Бұлар түсіп жайғасып болғаннан кейін, әлгі адам түрө келіп алты батырдың қасына келеді, бірақ өксігін баса алмайды.

— Е, қай жақсы болдыңыз? — дейді Сұрмерген.

— Білмесеніздер, жөнімді айтайын, мені халық Саққұлақ деп атайды. Жылауымның себебі: Айдарлы хан деген ханның Айбарша атты қызы бар. Сол қызды ертең аждаһа жұтқалы тұр. Ара түсіп, аман алып құтқарар жан жоқ. Соған ызам келіп, жылап жатыр едім, — дейді. Мына сөзді естіген соң Алпамыс тезін тұра алмады.

— Бізге еріп, жолдас болып, Айдарлы ханның ордасына ертіп апарасыз ба өзіңіз? — деді.

— Апарамын, — деді Саққұлақ.

Жетеуі жолдас болып жүріп кетті.

(Жалғасы бар).



„Дәурен“

Есік алдында екі бала отыр. Оның бірі — Амантай, ал екіншісі — Қасым. Олар өзара кеңес құрып, ұзақ күнге сырласуда.

Бұлар бақша екпек. Бірақ бақша егуден бұрын, өздерінше «үлкен жоспар» жасап алмақ, Әуелі бақшаға ат қоймақ, сол сарайды салу үшін кірпіш күймақ. Ал, осылардың барлығын «заңды» ету үшін өздерінше «кең көлемді мәжліс» ашып, «үлкен қаулы» алмақ болады. Сүйтіп олар «сөз — бақша боп, іс-басқа боп», кеңес құрып, отыра береді.

Осы кезде Дәурен келеді. Ол ана екеуіндей құрғақ сөзге салынбайды. Келе іске кіріседі.

Үндемеді, көпірмеді,

Келіп Дәурен күректі алды.

Жерді қазды, ағаш екті,

Өсірмек боп бақша-бауды.

Қарындашты қоя тұрып,

Кетпенмен ол «қаулы» жазды.

Бұл қаулыны жерге сызып,

Шығын қылмай ақ қағазды.

Міне, Дәурен бала сөзбен емес, іспен қыймылдайды. Ағаш отырғызып бақша егеді. Арада көп уақыт өтеді. Дәурен баланың бақшасы тамаша болып өседі, өнімді жеміс береді. Оған адамдар келіп дем алады, кұстар келіп тамылжытып ән салады. Ақырында, әлгі бақша ел арасында «Дәурен бала бақшасы» деп аталып кетеді.

Ақын Қабыл Боранбаевтың жаңада баспадан шыққан «Дәурен» атты өлеңдер жыйнағы осылай басталады. Ақынның осы алғашқы өлеңінің өзі-ақ оның балалар ақыны екендігін, жасөспірімдердің өмірін, ісін, ақыл-ойын жете білетінін байқатады. Ол осы кішкене өлеңінің өзінде жастар үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар мәселені көтереді. Ақынның ойынша: Амантай мен Қасымдай құрғақ сөзге салынба, уақытты босқа өткізбе, оданда Дәурен сыяқты жедел іске кіріс, сонда ғана сенің алдыңа қойған шынайы тілегің орындалады, еңбегің жемісті болады. Бұл біздің жастарға, әсіресе, өмір табалдырығын ал-

ҚАБЫЛ БОРАНБАЕВ

Дәурен



ОҚБ
АЛМАТЫ 1949

ғаш аттаған балаларға үлкен ой саларлық және өнеге-үлгі аларлық нәрсе.

Жыйнаққа кірген өлеңдердің барлығы дерлік кәзіргі қазақ совет балаларының, мектеп оқушылары мен пионерлерінің өмірінен алынып жазылған. Бұл өлеңдерде совет балаларының өмірі мен ісі, тілегі мен арманы анық көрінеді. Мысалы, ақын «Кім боламыз?» деген өлеңінде советтің жас азаматының ұшқыш та, инженер де, дәрігер де, мұғалім де болғысы келетіндігін, біздің елімізде бұл мамандықтың қайсысын болса да жете меңгеруге мүмкіндік мол екендігін айта келіп:

Білген жақсы бар өнерді,

Бірақ, адал бол азамат.

Отанды сүй, өнер дайын —

Адал жанға еткен талап, —
дейді.

Сол сыяқты, «Түсін, шырақ!», «Бес пен самолет», «Сыйлық», «Орманшының сыры» т. б. өлеңдер де жас оқушылардың өз өмірінен алынып, олардың ой-өрісіне, ақыл-зердесіне лайықталып, жеңіл тілмен жазылған. Өлеңдердің көбісі қызықты сюжетке, келелі ойға, тынақты пікірге құрылған. Мұның өзі жыйнақтың құнды болып, оқушыны өзіне тартып отыруына себепші болады.

М. БАЗАРБАЕВ.

Бөбектер үшін

ЕКІ СӨЗ

Сабақ оқып түске дейін,
Түс кезінде үйге келсем,
Нені көрсе бас салады,
Былыр туған інім Бейсен.
Шыдамайды ұшып-қонып
Қасына тез барғанымша.
Жақсы көріп,
Жақын келіп,
Еркелетіп алғанымша
Бір қызығы кітапқа да
Сондай үйір осы бастан.
Мен оқысам әліппемді,
Отырады ол көз алмастан.
Шап береді берсем кітап,
Хат таныйтын адам құсап.
Алдап-сулап алғанымша
Отырғаны ойнап ұстап.
Алғашқыда жыртушы еді
Тістеп тартып ауызға сап.
Жазатайым байқамасаң,
Жалмаушы еді бұзау құсап.
Ол мінезін қойды кәзір,
Енді аузына апармайды.
Бейсен де аздап біліп қалды
Сүтті, нанды,
Шайды, майды...
Осы күні алса кітап,
Бетін шұқып сұқ қолымен.
Оқыйды оны кәдімгідей
Сөздерімен өзі білген.
Апа дейді,
Ата дейді,
Тақ-так етіп былдыр тілі.
Таңдағаны осы екі сөз
Біз білетін сөзден күллі.
Апасынан,
Атасынан
Тағы басқа жақын кім бар?
(Оны бұған білдіретін
Алда жатыр айлар, жылдар)
Бейсен бүгін алса кітап,
Апалайды, аталайды.
Ыстық сәби сезімімен
Мың қайтара қайталайды.
Қандай томды оқыса да,
Білері жоқ одан өзге.
Кітаптағы күллі сөзді
Аударарды екі-ақ сөзге.
Апалаған,
Аталаған,
Балғын тілі балдан тәтті.
Бейсен солай оқуға бар
Қандай болсын дәу кітапты.
Бейсеннің бұл қылығына
Үйдің іші болады мәз.
Жеп қояр деп қорғанбай-ақ
Ұстатады кітап, қағаз.

Қ. САТЫБАЛДИН.



ҚЫЙЫН САПАР

Әне олардың қасына еріп кеткен тазы иттің даусы естілді. Еміс-еміс кісінің даусы естіледі. Орындарымыздан тұра жөнелдік.

— Сауыңдар ма, жолдастар?

— Рахмет сендерге. Егерде осы орта жолда сендерді кездестірмеген болсақ, лагерьге жете де алмас едік. Бірақ, біз табиғаттың дүлей күшін жеңіп келдік. Қыйыншылықтар қанша көп болғанымен шыңның басына әйтеуір шықтық-ау! — деді ержүрек жолдастарымыз.

Енді үш сағаттан кейін дәл осындай қыйын сапарға біздің тобымыз шықпақшы.

Таңертеңгі сағат төрт. Қар толастаған. Тез жыйналған альпинистер «Жас гвардия» шыңына қарай аттандық. Мұздың үсті қармен теміс жабылған, мұз ойрышымызбен шатынап жарылған жерлерді байқап, жайлап жүріп келеміз. Мұздың қақ ортасынан шалшық көлді көрдік. «Су! Шөлімізді қандырып алайық!» Міне «Жас гвардияның» бөктеріне жеттік. Анау мұз басқан құздың үстінен өтуіміз керек. Сүнгі боп қатқан мұз сауысы әлі күн көзіне шалынбаса да, шағылысып жалтырай түседі.

Әлден уақытта қар жауып, алай-түлей бора түтеп кетті. Мұздың тайғанақтығы соғыша, табаны шегелі ботинкамыз сырғанап тоқтамайды. Мұз ойрышпен басбалдақ жасап, өрмелеп келеміз. Ауа қысымы барған сайын күшейіп жүректі өректітеді. Жыйырма-отыз минут демалумен өректітенген шоқылардан бірте-бірте асып келеміз. Тыныс тарылып бара жатқандай. Міне асудың бұлтпен тілдескен шыңына да жетіп қалдық. Аяқ-қолымыз бірдей тоңып, сіресіп қалды. Жүгіріп бой жылытуға тайғапақтап, жүре алмайсың. Жел екпіні тасты суырады. Табиғаттың дүлей күшімен арыстандай арпалысунағыз осында болды. Мұнда әрбір қыймыл-ерлік, әрбір сөз нұсқау сыяқтанды. Тапқырлық, өзара көмек, мақсатқа жету қайраты—бәрі де осы арада қолданылды. Қанша қатты күйзелгенімізбен, мақсатқа келіп жеттік.

Шыңның ұшар басында тұрмыз. Айнала жып-жылмағай меңіреу ақ әлем. Мұндай құздарға шығудан да, қайта түсу қыйын. Совет спортсмендерінің бойына біткен қымбат қасиет бізге қуат, жігер, жеңіс сезімін туғызбай қоймады. Бұл қыйын сынан да мүддерімей өттік. Екі күнге белгіленген қыйын жорықты бір күнде тамаша аяқтадық. Жеңіс қуанышынан артық не болсын, совет спортсмендері үшін! Шаршаған да, шалдыққан да сезілмеді. Табиғаттың дүлей күші бізге қарсы тұра алмады. Сөйтіп, ең жауапты екі тапсырма-қыйын сапар табыспен, жеңіспен аяқталды.

А. КУЗНЕЦОВ.

Тұйықсудағы туристер лагері.

Республикалық альпинистер мектебі екінші дәрежелі альпинистер нұсқаушыларын даярлауды быйыл ғана қолға алды. Мұны спортқа еңбегі сіңген шебер П. С. Тютюников пен спорт шебері В. Н. Неоронский басқарады... Бұл істің басы төзімділікті, табандылықты, батылдықты және жолдасқа деген достық сезімді талап ететін қыйын жорықтар болды. Жорықшылардың Партизан, Маяковский, Орджоникидзе шыңдарына шығуы табыспен аяқталды.

Онан кейін жас альпинистер алдында Жас гвардия, Покрышкин шыңдарына өрмелеп шығу міндеті тұрды. Бұл—тауға шығудағы қыйындықтың төртінші «б» категориясына жатады. Бұл категорияның қандай қыйындық екенін түсіну үшін, Европаның ең асқары Эльбрус шыңына шығу тек қана қыйындықтың екінші «а» категориясына тең екенін мысалға алса да болады.

Шыңға шығу екі тәулікте аяқталуға тиіс. Альпинистер екі топқа бөлінді. В. П. Шинилов бастаған топ Тұйықсу мұз тауындағы лагерьден 16 августа таңертең аттанбақшы. Олар «Турист» асуына жеткенде екіге бөлінеді. Альпинистердің ертеңгі ұзақ жолы осы арадан анық көрінеді. Өмірі басынан қары кетпеген ақ алыптың ызбарлы көрінісі жас альпинистерді сескендіре алмады. Бұл жерде жорықшылар жолды анықтап әбден сапарды белгілеп болды. Ауа райы да әзірге теріс емес.

Августың 17 күні Б. Р. Маричек тобы жорыққа аттанды. Оның міндеті — «4 асуға жетіп» өткелек лагерь ұйымдастыру. Бұл өткелек лагерьде алғашқы жорық сапарынан кейін келіп Шинилов тобы дем алмақшы. Бірақ Маричек тобы жолшыбай хат тауып алды. Оқыса: «Өткелек лагерьдің бізге қажеті жоқ. Жорықты бір күнде аяқтауға ұйғардық. Тек күн райы жақсы болсын. Табыспен қайтуымызға тілектес болыңдар» депті. Дәл осы заматта аспан-ды сұр бұлт қаттап, ауа райы бұзыла бастады. Кешікпей бастырмалата қар жауып, жел көтерілді. Кеш бөлді. Палаткасыз, «жорық мамырыңсыз» кеткен жолдастарын ойлаған альпинистер қобалжып бастады. Олардың апатқа ұшырап қалуы ғажап емес. Қараңғылық қоюлана түсті. Бәрі де ұйқы жоқ. «Жорық мамырына» тығылған бойы тың тындауда. Көз ілінту былай тұрсын, әрбір сыбырлаған, ызыңдаған дауысқа құлақ тігіп, жолдастарымыздың даусына ұқсатып жатырмыз...

ГЕРМАНИЯ БАЛАЛАРЫ

Бұдан бір жыл бұрын Германияда ешқандай да балалар ұйымы жоқ еді. Балалар ұйымы Германияда тек 1948 жылы 12 декабрьде құрылды. Ол, Жас пионерлер одағы деп аталады. Одақтың өмір сүре бастағанына 11-ақ ай өтсе де, кәзір мойындарына көк галстук таққан балаларды Германияның көптеген мектептерінен кездестіруге болады. Неміс пионерлері көк галстуктен басқа, ортасында жалынның суреті бар көк значек тағады.

Совет Армиясының бөлімдері тұрған Шығыс Германияда балалардың барлығы мектепте оқиды. Балалар үшін жаңа оқу құралдары мен жаңа географиялық карталар басылып шығарылды. Берлинде Пионерлер үйі ашылды. Балалар үшін кинокартиналар, газеттер шығарылады, театрлар ашылған.

Германия пионерлері оқумен қоса, үлкендердің өз елін бірыңғай, тұтас, ерікті және бейбіт сүйгіш мемлекет болуы жолындағы күресіне болысады. Оны мына мысалдардан көруге болады:

Жуырда совет аймағындағы Галле дейтін қалада мынадай бір оқуға болды. Қалада ескі гимназия-орта мектеп болатын. Осы мектептің класына әң-күй сабағы жүріп жатты. Мұнда оқытушы Гольде бояулы тырнағы бар ұзын екі қолын өрбедетті де тұрды. Әпін қалай айтылып жатқанында оның жұмысы болмады. Ол тек балалардың аузына ғана қарады, олар ауыздарын кең ашып отыр ма, әлде жоқ па, — соны бақылады. Бір мезгілде ол алдыңғы қатарда отырған Гайнц деген оқушының қасына жетіп келді.

— Сен неге даусыңды шығарып айтпайсың? — деп Гольде зекіді де, баланың жағынан тартып жіберді.

Өн тына қалды. Осы кезде ортадағы парталардың бірінде отырған көк галстукті Гельмут Эберт орнынан тұрды да, салмақпен:

— Оқытушы мырза, совет аймағында ұрын-соғуға тыйым салынғанын сіз білмейсіз бе? Егер мені ұрсаңыз, мен де өлеңді айтпаған болар едім, — деді.

Бірнеше күннен кейін оқытушы Гольде мектептен қуылды. Сөйтсе, ол жасырынып жүрген гитлершіл екен.

Кішкентай жолдасы Гайнцке ара түскен жаңағы көк галстукті бала кім? Бұл көптеген неміс пионерлерінің бірі болатын.


Германияда халық сайлауы жүріп жатты. Бұл кезде неміс халқы өз елінің болашағы туралы ойларын ашық айтып жүретін. Сайлау болардан күн бұрын көптеген қалалардың хат тасушылары бірнеше кішкене хаттарды таратып жүрді. Хат алушылар конвертті ашқанда, онан бала қолымен ірі әріппен жазылған сөзді оқыды. Онда: «Ата-аналар! Дауыс береде, өз балаларыңды естеріңнен шығармаңдар! Өз балаларыңның болашағы үшін, Германияның бірлігі үшін дауыс беріңдер!» деген.

Бұл сөздерді мыңдаған немістер сүйсіне оқыды. Бірақ бұл хатты Саксониядағы Лейсбен қаласының пионерлері жазып жібергендігін олардың көбі білмеген еді.

...Ал, Берлиннің американдар мен ағылшындар және француздар тұратын аймақтарында неміс балаларының: «Қайыр садақа!» деген аянышты үшін зор бұрыштан жиі естуге болады. Онда балаларды оқытпай, өнерге үйретпей, тек қара жұмысқа салады.

Батыс Германияның балалары совет аймағындағы неміс балаларының өміріне қызыға қарайды. Олардың пионер болып көк галстук таққанына елігеді.

1949 жылы 7 октябрь күні Берлинде Германияның демократиялық республикасы жарияланды. Бұл тарихи қарарды Неміс халық советі қабылдады. Германияның бірыңғай, бейбіт сүйгіш, ерікті мемлекет болуына сара жол осылай ашылды.



Германия пионерлері мен Венгрия пионерлерінің кездесуі.

БАТЫР ҚЫЗ



Лиза Чайкина өзінің ұыз өміріне дақ келтірмей адал өткізді. Оның кінкөптайынан адал тураның, ұытты болғанын аңсаы, құрбылары, жолдастары сүйсіне жыр қылады.

Лиза Отанын шың жүрегімен сүйген, өжет, ақжарқын, әділ қыз болғанын да өмірі көрсетті.

Ол Великие Луки облысының Ценов ауданындағы Рубо деревнясында тұды. Ну орманның бір түкпірінде бұрыс жатқан деревняда ол, бірінші болып комсомол қатарына кіргендіктен, жастай-ақ жеткіншектерге жетекші болды. Лиза онбеске келісімен-ақ оқу үйінің жұмысын бақарып, мұнда түрлі үйірмелер ұйымдастырды, құрбыларымен бірге жастар звеносын құрып колхозға көмектесті.

Лиза мұнымен де тынған жоқ, ол деревня да тұңғыш рет пионер отрядын ұйымдастырды. Ол жылы шыраймен талай балалардың мойнына алқызыл галстук байлап, жас бұйының алғашқы қуанышына ортақтасты. Талай-талай пионерлер оның алдында сапқа тұрып салтанатты уәде берді. «Ленин—Сталин ісі үшін күреске әрқашан әзірміз» деген антты оның өзі де пионерлермен қоса әлденеше рет қайталап айтты да. Бақытты балалар мен бірге рахаттана сайрандауды оның жаны сүйейін. Өмір қызығына осылайша бата берсек не арман бар деген сыяқты қуаныш үлесті оның жүзінен білініп тұратын.

Осы қызық өмір қанелімде бұзылды. Фашистер балалардың бақытын өшіріп, өмірін өксітбек болды. Міне сол күні Лиза құрбыларымен бірге өзінің Отанын, өзінің халқын, өзінің жастық шағын қорғауға аттанды.

Ол партизан отрядіне барып барлаушы болды да өте қатерлі тапсырмаларды іменбестен өжет орындап жүрді. Лиза бір күні Сталин жолдас-

тың баяндамасы жарияланған газетті алып, жау басып алған селоға жөнелді.

Ол көсемнің сөзін, шыңдықты, жүрекке демеу сөздерді халыққа осылайша жеткізін жүрді.

Жау қатна аңдығанымен оның ізінен жазып қала беретін. Ол аңтадан жау ортасында көзден ғайып болатын. Ізі-тұзын білдірмейтін, ұшқан құсша күзден ғайып болатын Лизаны халық құс атымен — шағала деп атады. Осы себепті оны күтіп алушы да, оны аялап өркететуші де, оны жаудан жан сала қорғаушы да адамдар көп болды. Бірақ амал не, осыналардың ортасында бір өлексе сұм да бар екен. Міне сол опасыз, бұрынғы кулақ Лизаны немістерге ұстап берді.

Ол тергеуде үн қатпай сазарды. Мұнтай от жүрек орыс қызын қандай азап жасыта алмақ! Ештеңе де жасыта алмады. Ол тек өлер сағатта үн қатты. Ол өмірінің осы ақырғы минутында жүрегіне адал түйген қасиетті сөзді, жауға деген үкім етіп отменінен өткізе айтты. Ол — Жеріңе үшін, партия үшін, Сталин үшін мен құрбан! — деді.

Бұған быйыл сегіз жыл болды. Лиза жайдары жүзімен мойнына пионер галстугін байлаған балалар ер жетіп енді комсомолец болды. Міне, солар үшін де, көзіргі пионерлер үшін де және олардың орнын басатын жас ұрпақ үшін де — Лиза Чайкина Отанды шексіз сүйдің, батырлық пен батылдықтың, ізгілік пен адалықтың мәңгі бақи үлгісі болып қала дермек.

Лиза Чайкинаның қаһармандығын өте жоғары бағалап үкметіміз оған мәңгі Совет Одағы Батыры атағын берді.

СЕН БІЛЕСІң БЕ?

Дүниежүзілік ғылым мен техниканы дамытуға тамаша орыс ғалымдары мен өнерпаздары орасан зор үлестер қосты.

Біз сол себепті XVII—XIX ғасырлардағы орыс ғалымдары тапқан жаңалықтардың кейбіреулерін басып отырмыз.

...Дүниежүзінде, тұңғыш рет, XVII ғасырдың басында сыналы затворы бар зеңбіректі орыстың құрыш құюшысы Андрей Чохов неміс инженерлерінен екі ғасыр бұрын жасап шығарды.

...Материяның сақталыну заңын 1748 жылы бірінші ашқан М. В. Ломоносов, бұл француз химигі Лавуазьенің тәжірибесінен әлде қайда бұрын еді.

...Дүние жүзіндегі тұңғыш механикаланған жіп иіру фабрикасын Россияда Родион Глинок салған еді. Бұл Англиядағы Аркрайттың жіп иіру фабрикасынан он жыл бұрын болған еді.

...Дүние жүзіндегі, завод жабдығын жасайтын бу машинасын 1765 жылы тұңғыш рет Россияда 1802 жылы В. В. Петров тапты. Бұл осы құбылысты ағылшын ғалымы Дэвидің байқауынан 9 жыл бұрын болатын.

...Дүние жүзіндегі бірінші электр қозғағышын Россияда 1834 жылы академик Б. С. Якович ойлап тапты. 1850 жылы Якович дүние жүзіндегі бірінші әріп басатын телеграф аппаратын американ Юзадан 5 жыл бұрын ойлап тапқан болатын.


...Дүние жүзіндегі тұңғыш комбайнды 1868 жылы Россияда А. Р. Власенко жасады. Бұл — Америкада комбайнның шығуынан 11 жыл бұрын еді.

...Дүние жүзіндегі электрленген тұңғыш станокты 1872 жылы Россияда В. Н. Чиколев Америкадағыдан 8 жыл бұрын жасаған болатын.

...Дүние жүзіндегі бірінші қызу беретін электр шамын 1873 жылы А. Н. Лодыгин ойлап тапса, ал доға электр шамын 1876 жылы П. Н. Яблочков шығарды.

...Дүние жүзіндегі бірінші броньды крейсер (соғыс кемесі) 1873 жылы Россияда жасалды. Бұл Америкадағыдан 13 жыл, ал Англиядағыдан 3 жыл бұрын жасалған кеме.

3



УАҚЫТТЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАН



Бүгін сен ертемен гимнастика жасап, сабаққа әзірленіп, кітабыңды оқып үлгірдің бе? Ата-ананың үй шаруасына қолқабыс тигіздің бе?

Қайсы бір балалар барлық жұмысын тындырып, еркін дем алуға да мүмкіншілік алады. Ал, қайсы бір балалар күні бойы әрнемен шұғылданғанымен, солардың бәрін де тындыра алмай қояды.

Мұның себебі не?

Өйткені алғашқылар уақытты әр іске мөлшермен жұмсай біледі. Тыңғылықты оқушылар өзіне әдетте күндік расписание жасап алады да, оны бұлжытпай орындайды.

Міне, сен де өзіңе осындай расписание жасап ал.

Ол расписаниеге ертеңгі дене шынықтыруды, кітап оқуды, пайдалы жұмыспен шұғылдануды, спорт ойындарын, сейілге шығуды атап көрсет.

Әрдайым уақытыңда күніне үш мезгіл тамақтанып, белгілі сағатта жатып, белгілі сағатта оянып әдеттен. Бұлай әдеттенудің денсаулыққа пайдасы зор.

Мектептен қайтып келісімен бірден сабаққа әзірленуге кіріспе, біраз демалған соң ғана кіріс. Сабағыңды пысықтауды тым кеше-уілдетіп, кешке де қалдырма. Кешкі ас ішкеннен кейін қолма-қол жатпай, әуелі бөлменің ауасын тазарт та, далада серуендеп жарты сағаттай дем алып кел. 9—10 сағаттан кем ұйықтамау керек.

Уақытыңда дұрыс еңбектеніп, дұрыс дем ала білген адамдардың денсаулығы өзгелерден әлде қайда жақсы, жұмысқа иаблетті, дені сертеқ келеді. Бұл сыяқты адамдар емірінде көптөген игілікті істер істеп, Отанымызға зор пайда келтіре алады.

ССР Одағы Денсаулық сақтау министрлігінің орталық санитарлық оқу институты.

